

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет,
мұрағаттар және құжаттама басқармасының
«С. Торайғыров атындағы облыстық біріктірілген
әмбебап ғылыми кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА 2016 ЖЫЛЫ АТАЛЫП
ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР**

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

ПАВЛОДАР, 2015

ӘОЖ 006.95

КБЖ 22.61

П 12

Құрастырушылары: Дыбыкенова М. Н., Сулейменова А. Ж.,
Комкина Т. С.

Редакторлары: Жиенбаева М. А., Шахметова Ш. Б.,
Құдайбергенова Г. Ә., Қажыбаева Ж. К., Жайсаңғалиева Г.О., Гонча-
рова М. Л., Иванова Г. Е.

П 12

Павлодар облысында 2016 жылы аталып өтілетін және еске алы-
натын күндер / Знаменательные и памятные даты Павлодарской об-
ласти на 2015 год. – Павлодар: ЭКО, 2015. – 187 б. – қазақша, орысша.

ISBN 978-601-284-132-9

Павлодар облысының аталып өтілетін және еске алынатын күндер күнтізбесі
анықтамалық-библиографиялық құрал болып табылады. Оның мақсаты – Павлодар
өңірі мен атақты адамдары жайлы, өңірдің саяси, әлеуметтік-экономикалық және
мәдени өмірін көрсету.

Көрсеткіш кітапхана қызметкерлеріне және өзге де мәдени-ағарту мекемелеріне,
сондай-ақ өлке тарихына қызығушылық танытатын оқырмандарға бағытталған.

ӘОЖ 006.95

КБЖ 22.61

ISBN 978-601-284-132-9

© Дыбыкенова М.,
Сулейменова А., 2015
© Комкина Т., 2015

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
2016 жылы Павлодар облысында аталып өтілетін және еске алынатын күндердің жылнамалық көрсеткіші	6
«Павлодар облысында 2016 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер» күнтізбесіне берілген қысқаша анықтамалар мен әдебиеттер тізімі	15
2016 жылы Қазақстан Республикасында еске алынатын күндер мен мерейлі оқиғалардың көрсеткіші	58
2016 жылға арналған шетел мемлекеттерінің мерейлі күндер күнтізбесі.....	63
2016 жылға арналған шетел мемлекеттерінің айы, күні белгісіз күндер күнтізбесі.....	76
Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ұлттық мерекелерінің тізімі.....	76
2016 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы кәсіби және басқа мерекелердің тізімі	77
Күнтізбеде көрсетілген есімдердің алфавиттік көрсеткіші	81

АЛҒЫ СӨЗ

С. Торайғыров атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана оқырман қауымды Павлодар өңірінде өткен маңызды тарихи және соңғы жылдары болған оқиғалармен таныстыру мақсатында мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған дәстүрлі «Павлодар облысында 2016 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер» атты анықтамалық–библиографиялық көрсеткішін ұсынады.

Егеменді Қазақстанның тұғырлы күндерінің қатарында қос маңызды оқиға бар. Солардың бірі – 1986 жылы орын алған сұрапыл да ұмытылмас, талай қазақтың қабырғасын қайыстырған Желтоқсан оқиғасы.

Мемлекетіміздің жаңа тарихындағы ерекше дата – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығы. Жасампаз мемлекеттің тарихын түгендейтін айтулы күнді Қазақстан Республикасының әрбір азаматы жадынан шығармағаны абзал.

Ертістің Павлодар өңірінде де айтулы оқиғалар аз емес. Солардың қатары 2016 жылғы Күнтізбеге енгізілген. Күнтізбенің негізгі мақсаты – көпшілік оқырманды Ертістің Павлодар өңіріндегі маңызды және айтулы оқиғалардан ақпарат беру.

Біз әрдайым жерлес Ұлы Отан соғысына қатысушылардың ерлігін жадымызда сақтаймыз. 2016 жылы Кеңес Одағының Батыры К. А. Семенченконың 120-жылдығын, Кеңес Одағының Батыры Қ. М. Сұрағановтың 95-жылдығын, Даңқ Орденінің толық кавалері, Павлодар қаласының құрметті азаматы П. В. Пешиннің 90 жылдығын атап өтпекпіз.

Көрсеткішке облысымызда ғана емес республика көлеміндегі ағарту ісіне, білім беруге, ғылым саласына үлкен үлес қосқан жерлестеріміз Ә. Б. Бектұров, Р. Б. Нұртазина, Б. Ш. Шалабаев, И. А. Будчанов, Қ. Д. Дүйсембин, Ш. Е. Әлжанов, Е. Ө. Өтебаев, А. Д. Фрезоргер, Ғ. М. Кертаева және басқалардың мерейлі күндері енгізілді.

Күнтізбеде Павлодар облысында дүниеге келген белгілі ақын-жазушылардың есімдері де аталады. Бұл С. Шорманов (туғанына 165 жыл), З. Ақышев (туғанына 105 жыл), Қ. Д. Кемеңгеров (туғанына 120 жыл), С. Шәкібаев (туғанына 90 жыл) және т.б.

Ертістің Павлодар өңірінің тарихын түбегелі зерттеген өлкетанушылар М. К. Гапон (90 жыл), Б. М. Хазыров (90 жыл) және танымал өлкетанушы Э. Д. Соколкиннің (80 жыл) өмірбаяндық анықтамалары келтірілген.

2016 жыл – С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың негізгі қаланғанына 120 жыл. Күнтізбеге кітапхана ісі ардагерлерінің Н. Г. Касьян, Т. Т. Рахманқұлов, М. Н. Пахомованың еске алу күндері енген. Сондай-ақ, ҚР еңбек сіңірген қызметкері, С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана директоры (1985-2015 жж.) М. А. Жиенбаеваның 60-жылдық мерейтойы өтеді.

Ертістің Павлодар өңірі өнер саңлақтарына бай. Келер жылы ақын-жырау Жарылғапберді Жұмабайұлының, әнші, ҚазКСР-інің халық әртісі

К. Кенжетаевтың және А. П. Чехов атындағы драма театрының актері, режиссер Е. И. Еникеевтің – жүз, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Павлодар қаласының құрметті азаматы М. Н. Пульганын, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген әртісі И. Г. Чистяковтің, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері А. Н. Михейчевтің, мүсінші И. П. Лопатиннің, суретші А. М. Дьячковтің туған күндері еске алынады. Суретші Қ. Баймолдиннің 70 жасқа толған күні аталып өтіледі.

2016 жылы Павлодар облысындағы бірнеше мәдени мекеменің, атап айтқанда, С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың 120-жылдығы, Славян мәдени орталығының 20-жылдығы, Шафер мұражай-үйінің және Д. П. Багаев атындағы мұражай үйінің 20-жылдығы, М. Шамсутдинова атындағы ән шығармашылығы үйінің 15-жылдығы аталып өтіледі. Павлодар қаласындағы Бас мешіт – Мәшһүр Жүсіп мешітінің ашылғанына 15 жыл толады. Осы мекемелердің аймақ өміріндегі орны мен рөлі ерекше екендігін атап өткен жөн.

Библиографиялық құрал бірнеше бөлімнен тұрады. Көрсеткіште алдымен биографиялық анықтама, соңында әдебиеттер тізімі берілген. Тізімде алдымен кітаптар, кейін мерзімді басылымдар көрсетіліп, ішінде алфавит бойынша орналасқан. Күнтізбе әдебиеттерді мейлінше толық есепке алу міндетін көздемейді. Анықтама берілген мерейтой күндер жұлдызшалармен белгіленген. Қазақ тілінде берілмеген кейбір анықтамаларды орыс тіліндегі күнтізбеден қараңыз.

Керекті мәліметтер мен аталып өтілетін күндерді және материалдарды іздестіріп, анықтау жұмысында С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппараты мен кітап қоры пайдаланылды.

Пайдаланушылар көрсеткіште берілген әдебиеттер тізімімен шектелмей, кейінгі жарыққа шыққан мерзімді басылымдар бетінде жарияланған материалдар және әдебиеттермен коса жалпы жарық көрген жаңа мәліметтермен таныса алады.

Көрсеткіш кітапхана мен мәдени-ағарту мекемелеріне, мұғалімдерге, студенттерге, ғылыми, бұқаралық-ақпарат қызметкерлеріне және өлкетану материалдармен танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналған.

Құрастырушылар көрсеткіш туралы ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңізді мына мекен-жайға жіберулеріңізді сұрайды:

Мекен-жайымыз: 140000, Павлодар қ.

Ак. Сәтбаев к., 104,

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана,

Ақпараттық-библиографиялық бөлім

<http://www.pavlodarlibrary.kz>,

e-mail: pavlodarlibrary@rambler.ru,

e-mail: ounbibo@mail.ru,

Тел.: 32-58-15, 32-34-77

2016 ЖЫЛЫ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕРДІҢ ЖЫЛНАМАЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

ҚАҢТАР

- 1 қаңтар** – Павлодарда №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі ашылғанына 60 жыл (1956)
- 4 қаңтар** – Славян мәдени орталығының орталығының құрылғанына 20 жыл (1996)*
- 12 қаңтар** – тарихшы-өлкетанушы, Павлодар қаласының Құрметті азаматы **Э. Д. Соколкиннің** туғанына 80 жыл (1936)*
- 13 қаңтар** – педагог, музыкатанушы, композитор **Н. Г. Шафердің** туғанына 85 жыл (1931) *
- 28 қаңтар** – өлкетанушы, Ұлы Отан соғысының қатысушысы **М. Гапонның** туғанына 90 жыл (1926-2013)
- 30 қаңтар** – **Майра Шамсутдинова** атындағы ән шығармашылығы мұражайының ашылғанына 15 жыл (2001)*
- 30 қаңтар** – **Д. П. Багаев** атындағы мұражай-үйінің ашылғанына 15 жыл (2001)*
- Қаңтар** – Павлодарда әуе сапаржайының қолданысқа берілгеніне 55 жыл (1961)

АҚПАН

- 1 ақпан** – Павлодар ЖЭС-2-нің алғашқы кезегі іске қосылғанына 55 жыл (1961)
- 2 ақпан** – филология ғылымдарының докторы, профессор **Т. Әбдіғалиеваның** туғанына 75 жыл (1941)
- 4 ақпан** – композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, педагог, Павлодар қаласының Құрметті азаматы **М. Н. Пульганың** туғанына 80 жыл (1936)
- 6 ақпан** – актер, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген әртісі **И. Г. Чистяковтың** туғанына 90 жыл (1926-1995)
- 7 ақпан** – Павлодар ауданы Розовка ауылында облыстағы алғашқы «Арман» атты отбасы типіндегі балалар ауылының ашылғанына 15 жыл (2001)
- 8 ақпан** – Павлодар қаласында алғашқы балабақшаның ашылғанына 95 жыл (1921)
- 8 ақпан** – ғалым-филолог, профессор **Е. Өтебаевтың** туғанына 90 жыл (1926-1999)

- 12 ақпан** – техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР-ның Еңбек сіңірген ғылым қайраткері **А. Д. Фрезоргердің** туғанына 75 жыл (1941)
- 21 ақпан** – Н. Г. Шафердің жеке меншік топтамасының базасында **Павлодарда күйтабақтар мұражайы** ашылғанына 15 жыл (2001)*
- 25 ақпан** – әнші, актер, ҚазКСР-нің халық әртісі **К. Кенжетаетын** туғанына 100 жыл (1916-2008)*
- ақпан** – Екібастұзда «Балдәурен» балалар мен жасөспірімдер ұйымы құрылғанына 15 жыл (2001)

НАУРЫЗ

- 1 наурыз** – Павлодар қаласында телевизия орталығы құрылысының басталғанына 55 жыл (1961)
- 4 наурыз** – Павлодар трактор зауытының құрылғанына 50 жыл (1966)
- 8 наурыз** – педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі **Р. Б. Нұртазинаның** туғанына 95 жыл (1921-2013)*
- 9 наурыз** – мүсінші **И. Лопатиннің** туғанына 90 жыл (1926-1993)
- 11 наурыз** – актер, ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері **А.Н. Михейчевтің** туғанына 85 жыл (1931-2007)*
- 26 наурыз** – суретші **А. М. Дьячковтың** туғанына 90 жыл (1926-2001)*
- Наурыз** – Ертіс ауданында балалар кітапханасының ашылғанына 65 жыл (1951)
- Наурыз** – Усолка мөлтек ауданында **№3 қалалық емхананың** ашылғанына 10 жыл (2006)

СӘУІР

- 1 сәуір** – Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру институтының ашылғанына 65 жыл (1951)
- 3 сәуір** – Павлодар қаласы №12 орта мектепке ақын, драматург, аудармашы, жазушы, Павлодар қаласының Құрметті азаматы **Қ. Бекхожиннің** есімі берілгеніне 20 жыл (1996)
- 12 сәуір** – Облыстық «Звезда Прииртышья» газетіне журналистика саласындағы жыл сайынғы жалпыұлттық «**Алтын жұлдыз – 2006**» сыйақысы берілгеніне 10 жыл (2006)
- 14 сәуір** – әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, ҚазКСР-інің Еңбек сіңірген мұғалімі **Б. Шалабаевтың** туғанына 105 жыл (1911-1987)

- 17 сәуір** – ғалым-биохимик, биология ғылымдарының докторы, профессор **Н. А. Будчановтың** туғанына 100 жыл (1916-1985)
- 18 сәуір** – жазушы, драматург, педагог, аудармашы **З. Ақышевтың** туғанына 105 жыл (1911-1991)
- 21 сәуір** – Павлодар қаласының солтүстік-батыс шеті «Қаздар қонысы» республикалық маңызы бар табиғат ескеркіші болып жарияланғанына 45 жыл (1971)*
- Сәуір** – **Павел Васильев атындағы Павлодар әдеби бірлестігі** құрылғанына 60 жыл (1956) *

МАМЫР

- 10 мамыр** – Тау-кен саласындағы орыс ғалымы, Екібастұз көмір бассейнінің кен орындарын зерттеуші **Н. И. Трушковтың** туғанына 140 жыл (1876-1947)
- 10 мамыр** – А.П. Чехов атындағы облыстық драма театрының актері, режиссер **Е. И. Еникеевтің** туғанына 100 жыл (1916-1995)
- 19 мамыр** – 1979-1989 – жылдар аралығында Ауғанстанда әскери борышын өтеген жауынгерлердің ескерткіші ашылғанына 15 жыл (2001)
- 21 мамыр** – **С. Торайғыров атындары Павлодар облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының** негізі қаланғанына 120 жыл (1896)*
- 21 мамыр** – дәрігер-хирург, «ҚР Еңбек сіңірген денсаулық қызметкері», КСРО денсаулық сақтау саласының үздігі **З. Н. Раздорскаяның** туғанына 75 жыл (1941)
- 24 мамыр** – Павлодарда **КАЗИЗ** өндірістік көркем артельдерінің, шеберханалардың құрылғанына 60 жыл (1956)
- 25 мамыр** – Кеңес Одағының Батыры **Қ. М. Сұрағановтың** туғанына 95 жыл (1921-2008)
- 25 мамыр** – С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың директоры (1985-2015), «ҚР Еңбек сіңірген қызметкері» **М. Ә. Жиенбаеваның** туғанына 60 жыл (1956)*
- Мамыр** – Павлодар қаласында **Юрий Гагарин атындағы парктің** ашылғанына 40 жыл (1976)

МАУСЫМ

- 1 маусым** – кітапхана қызметкері, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері **Н. Г. Касьянның** туғанына 80 жыл (1936-2000)
- 1 маусым** – **ПКТИАМ-ның** құрылғанына 50 жыл (1966)

- 1 маусым** – Есеп-экономикалық техникумының (қазіргі Павлодар технологиялық колледжі) негізі қаланғанына 45 жыл (1971)
- 5 маусым** – балетмейстер, акын, жазушы, драматург, Қазақстан хореографтары Кеңесінің төрағасы, қоғам қайраткері **Д. Нақыповтың** туғанына 70 жыл (1946)*
- 10 маусым** – кітапхана ісінің ардагері, ҚазКСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері **Т. Т. Рахманқұловтың** туғанына 95 жыл (1921-1994)
- 22 маусым** – Павлодар монтаждау колледжінің (бұрынғы кешкі құрылыс техникумы) құрылғанына 60 жыл (1956)
- Маусым** – Павлодар қаласында салтанатты түрде **облыстық шахмат клубының** ашылғанына 40 жыл (1976)
- Маусым** – Ақсу-Дегелен темір жолының қолданысқа берілгеніне 15 жыл (2001)

ШІЛДЕ

- 3 шілде** – Кеңес Одағының Батыры **К. С. Семенченконың** туғанына 120 жыл (1896-1965)*
- 5 шілде** – **Қ. Даржұман** атындағы ұлттық жаңғыру мектебінің ашылғанына 20 жыл (1996)*
- 12 шілде** – Павлодар облыстық кітапханасына көрнекті қазақ акыны **Сұлтанмахмұт Торайғыровтың** есімі берілгеніне 20 жыл (1996)
- 12 шілде** – Облыстық гимназия-интернатына ағартушы, ұстаз, фольклортанушы, этнограф, қоғам қайраткері **Ыбырай Алтынсариннің** есімі берілгеніне 20 жыл (1996)
- 12 шілде** – Ақтоғай ауданы **Жаңаталап орта мектебіне** еңбек сіңірген мұғалім, аудандағы тұңғыш мектептің негізін қалаушы **Хасен Шаяхметовтың** есімі берілгеніне 20 жыл (1996)
- 15 шілде** – жазушы, драматург, аудармашы **Қ. Д. Кемеңгеровтің** туғанына 120 жыл (1896-1937) *
- 15 шілде** – тарихшы-өлкетанушы, жазушы, Ұлы Отан соғысының қатысушысы **Б. М. Хазыровтың** туғанына 90 жыл (1926)*
- 15 шілде** – Ертіс көмір бассейнін атауы «**Богатырь**» разрезі болып өзгергеніне 20 жыл (1996)
- 26 шілде** – Ақсу ферроқорытпа зауытында феррохромның он бес миллионыншы тоннасы балқытылғанына 15 жыл (2001)
- Шілде** – «Пойма» мүгедектердің әдеби бірлестігі құрылғанына 20 жыл (1996)

ТАМЫЗ

- 6 тамыз** – Павлодар облысында **«Жұлдызды Жасыбай» ретро-фестивалінің** алғашқы ашылуы өткеніне 5 жыл (2011)
- 10-11 тамыз** – **Қазақстан комсомолы 25 жылдығы** атындағы қалалық бақтың ашылуына 70 жыл (1946)
- 28 тамыз** – ғалым-дәрігер, медицина ғылымдарының докторы **С. Т. Түсіпбековтың** туғанына 80 жыл (1936)
- 28 тамыз** – **облыстық онкологиялық диспансердің** құрылғанына 65 жыл (1951)
- 30 тамыз** – орыс табиғат зерттеушісі, педагог, өлкетанушы **А. Н. Седельниковтың** туғанына 140 жыл (1876-1919)
- 30 тамыз** – Павлодар қаласындағы Мемлекеттік Рәміздер Алаңында **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы** көтерілгеніне 5 жыл (2011)
- Тамыз** – **аңшылар мен балықшылар қоғамының** құрылғанына 60 жыл (1956)
- Тамыз** – **«Экибастузэнерго» қоғамдастығының** құрылғанына 35 жыл (1981)

ҚЫРКҮЙЕК

- 3 қыркүйек** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор ҚазКСР халықтық білім беру үздігі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері **Ғ. М. Кертаеваның** туғанына 70 жыл (1946) *
- 6 қыркүйек** –Павлодарда **орталық сөйлесу пункті** ашылғанына 45 жыл (1971)
- 6 қыркүйек** – Павлодар қаласындағы **синагоганың** (Қазақстандағы бесінші) ашылғанына 15 жыл (2001)
- 7 қыркүйек** – орыс ботанигі, географ, Ертіс өзенінің жағалауын зерттеуші **С.И. Коржинскийдің** туғанына 155 жыл (1861-1900)
- 12 қыркүйек** – Шарбақты аудандық **«Трибуна» газетінің** алғашқы саны шыққанына 85 жыл (1931)
- 13 қыркүйек** – журналист, өлкетанушы, Екібастұз қаласының Құрметті азаматы **П. И. Оноприенконың** туғанына 80 жыл (1936-2010)*
- 15 қыркүйек** – **«Қ. И. Сәтбаев атындағы тарихи-географиялық қоғамның»** ашылғанына 20 жыл (1996)
- 21 қыркүйек** – Павлодар қаласындағы Бас мешіт – **Мәшһүр Жүсіп мешітінің** ашылғанына 15 жыл (2001) *
- 26 қыркүйек** – Облыстық **«Қызыл Ту» газетінің** **«Сарыарқа самалы»** болып өзгертілгеніне 25 жыл (1991)

- 27 қыркүйек** – жазушы, екінші Ұлы Отан соғысының қатысушысы **С. Шәкібаевтың** туғанына 90 жыл (1926-1999)*
- 30 қыркүйек** – Павлодар облысының логотипі (таңбасы) бекітілгеніне 5 жыл (2011)*

ҚАЗАН

- 1 қазан** – Ағарту ісі және мәдениет қызметкері, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген кітапханашысы **М. Н. Пахомованың** туғанына 95 жыл (1921-2010)
- 1 қазан** – Доцент, педагог-балетбейстер, ҚР театр қызметкерлері Одағының мүшесі **Ж. П. Қапесовтің** туғанына 70 жыл (1946)
- 3 қазан** – Павлодарлық «Версия» газетінің алғашқы саны жарыққа шыққанына 20 жыл (1996)
- 4 қазан** – Ақын, драматург, «ҚР Еңбек сіңірген қайраткері» **Б. М. Қанапияновтың** туғанына 65 жыл (1951)
- 10 қазан** – Режиссер, актер және драматург **А. Қ. Қалиевтің** туғанына 85 жыл (1931-1991)
- 15 қазан** – Ғалым-физиолог, биология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі **Қ. Д. Дүйсембиннің** туғанына 85 жыл (1931)
- 15 қазан** – Хирург-онколог, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген дәрігері **А. А. Сүлейменовтің** туғанына 100 жыл (1916-1998)*
- 23 қазан** – Ермак кентінің (қазіргі Ақсу қ.) қала болып құрылғанына 55 жыл (1961)*
- 25 қазан** – Теоретик-музыкатанушы, КСРО композиторлары Одағының мүшесі, өнертану кандидаты **Қ. Т. Жүзбасовтің** туғанына 75 жыл (1941-1995)
- Қазан** – Екібастұзда жаңа әуежайдың ашылғанына 30 жыл (1986)

ҚАРАША

- 1 қараша** – Павлодар педагогикалық колледжіне ҚазКСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі **Бейсен Ахметовтың** есімі берілгеніне 20 жыл (1996)
- 2 қараша** – Ғалым-филолог, әдеби сыншы, филология ғылымдарының докторы **Қ. П. Жүсіптің** туғанына 75 жыл (1941)*
- 5 қараша** – ҚазКСР-інің еңбек сіңірген дәрігері, ҰОС қатысушысы, Павлодар қаласының Құрметті азаматы **Я. Я. Фрезенің** туғанына 100 жыл (1916-1993)*

- 6 қараша** – Павлодар қаласындағы «Океан» дүкенінің ашылғанына 40 жыл (1976)
- 11 қараша** – Суретші **Қ. Қ. Баймолдиннің** туғанына 70 жыл (1946) *
- 11 қараша** – Баянауыл ауданында **Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің** кесенесі ашылғанына 10 жыл (2006)
- 14 қараша** – Ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор **Г. Уәлиевтің** туғанына 75 жыл (1941)
- 15 қараша** – ҰОС қатысушысы, Үш дәрежелі Даңқ орденінің Кавалері, Павлодар қаласының құрметті азаматы **П. В. Пешиннің** туғанына 90 жыл (1926-2002) *
- 28 қараша** – Павлодар қаласында **Халыққа қызмет көрсету орталығының** ашылғанына 10 жыл (2006)
- Қараша** – Павлодар қаласы **№1 емханасының** ашылғанына 60 жыл (1956)*
- Қараша** – Павлодар қаласындағы **қазіргі теміржол сапаржайының** ашылғанына 35 жыл (1981)
- Қараша** – Павлодарда **Шахмат үйінің** ашылғанына 30 жыл (1986)
- Қараша** – Павлодарда **этномәдени бірлестіктер аллеясының** ашылғанына 5 жыл (2011)

ЖЕЛТОҚСАН

- 6 желтоқсан** – Павлодарда алғаш рет **Ғылыми-техникалық ақпарат орталығы** құрылғанына 45 жыл (1971)
- 11 желтоқсан** – Павлодар қаласында **бұрынғы теміржол сапаржайының** ашылғанына 60 жыл (1956)
- 15 желтоқсан** – Ғалым-дәрігер, медицина ғылымдарының докторы **Х. Қ. Сәтбаеваның** туғанына 95 жыл (1921)
- 16 желтоқсан** – Ғалым-дәрігер, медицина ғылымдарының докторы **Р. А. Сәтбаеваның** туғанына 100 жыл (1916-1986)
- 25 желтоқсан** – Ғалым-химик, техника ғылымдарының докторы, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері **Ә. Б. Бектұровтың** туғанына 115 жыл (1901-1995)
- 31 желтоқсан** – **Екібастұз қалалық кітапханасының** ашылғанына 40 жыл (1976)
- Желтоқсан** – «Голос Экибастуза» (алғашқы атауы «Заветы Ильича») газетінің шыққанына 35 жыл (1981)
- Желтоқсан** – Ленпаркте **Чернобыль атом станциясындағы апатты жоюға қатысушылар ескерткішінің** ашылғанына 10 жыл (2006)

АЙЫ МЕН КҮНІ БЕЛГІСІЗ КҮНДЕР ТІЗІМІ

Атақты би Қазанғап Сатыбалдыұлының туғанына 245 жыл (1771-1856)

Баянауыл ауылының құрылғанына 190 жыл (1826) *

Халық композиторы, ақын **Жарылғапберді Жұмабайұлының** туғанына 165 жыл (1851-1914)

Павлодар қаласының алғашқы Құрметті азаматы, бірінші гильдия көпесі, қамқоршы меценат, жанашыр, қоғам қайраткері **А. И. Деровтың** туғанына 160 жыл (1856-1921)

Ұстаз, аудармашы, қоғам қайраткері, диплом алған тұңғыш қазақ дәрігерлерінің бірі және Павлодар облысында дәріхана ісін ұйымдастырушы **Ә. Д. Айтбакиннің** туғанына 155 жыл (1861-1919)

Коряков бекетінің штаттан тыс Павлодар қаласы болып өзгергеніне 155 жыл (1861)

Қазақ ағартушысы, филолог **Ә. З. Сәтбаевтің** туғанына 135 жыл (1881-1938)

Ақын, жырау **Б. Меркемелиденовтің** туғанына 125 жыл (1891-1963)

Ғалым-ұстаз **Ш. Е. Әлжановтің** туғанына 115 жыл (1901-1938)

Павлодар қаласындағы қоғамдық банктің ашылғанына 105 жыл (1911)

Орыс-қазақ училищесінің ашылғанына 105 жыл (1911)

Павлодар қаласындағы қазақ театрының тұңғыш актрисасы **Н. Б. Бекованың** туғанына 105 жыл (1911)

Екібастұз мырыш зауытының іске қосылғанына 100 жыл (1916)

Киноактриса, әнші, ақын **Х. Әбуғалиеваның** туғанына 90 жыл (1926)

Акмолинка-Павлодар темір жолының құрылысы басталғанына 75 жыл (1941)

Павлодар облыстық мамандандырылған балалар үйінің ашылғанына 70 жыл (1946)

Павлодар облысы санитарлық-эпидемиологиялық станциясының негізі қаланғанына 65 жыл (1951)

Екібастұз қаласында балалар музыкалық мектебінің ашылғанына 65 жыл (1951)

Топырақты эрозиядан қорғау сынақ бекетінің ашылғанына 60 жыл (1956)

Екібастұздағы политехникалық колледждің негізі қаланғанына 60 жыл (1956)

Павлодар нан зауытының құрылғанына 55 жыл (1961)

Жасыбай көлінің жағасында «Баянауыл» туристік базасы ашылғанына 55 жыл (1961)

Павлодарда облыстық балалар ауруханасы ашылғанына 50 жыл (1966)

Павлодарда №2 қалалық аурухана ашылғанына 50 жыл (1966)

Ермак мәдени-ағарту училищесінің (қазіргі Жаяу Мұса атындағы Ақсу колледжі) ашылғанына 50 жыл (1966)

Павлодар жиһаз фабрикасының іске қосылғанына 45 жыл (1971)

Екібастұз сыра зауытының ашылғанына 45 жыл (1971)

«Ертіс-Қарағанды» каналының пайдалануға берілгеніне 45 жыл (1971)

Павлодар ауыл техникумының ұйымдастырылғанына 45 жыл (1971)

Павлодар химия зауытының құрылғанына 45 жыл (1971)

Павлодар облыстық филармониясына Иса Байзақов есімі берілгеніне 45 жыл (1971)

Павлодар картон-рубероид зауытында рубероид өндірісінің қосылғанына 40 жыл (1976)

Сүт өнеркәсібі өндірістік қоғамдастығының құрылғанына 40 жыл (1976)

Павлодар қаласындағы «Энергетик» сауықтыру шипажайының ашылғанына 35 жыл (1981)

Павлодар көлік және байланыс колледжінің (бұрынғы теміржол көлігінің техникумы) ашылғанына 35 жыл (1981)

Павлодар ғылыми-зерттеу малдәрігерлік бекеті ашылғанына 35 жыл (1981)

Трактор жасаушылар Сарайының халықтық хоры құрылғанына 35 жыл (1981)

Павлодарда №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ашылғанына 30 жыл (1986)

«Восточный» көмір разрезінің екінші кезегі қатарға қосылғанына 30 жыл (1986)

Ертіс аудандық «Ертіс нұры» газетінің алғашқы саны жарық көргеніне 25 жыл (1991)

Павлодар машина жасау зауытының (жөндеу-механикалау зауытының базасында) құрылғанына 25 жыл (1991)

Павлодар облысында алғашқы №9 жоғары кәсіптік училищесінің ашылғанына 25 жыл (1991)

Павлодарда «Нептун» және «Шымыр» денешынықтыру-сауықтыру кешендерінің пайдалануға берілгеніне 25 жыл (1991)

Есірткі мәселелерінің әлеуметтік-медициналық республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығының ашылғанына 15 жыл (2001)

Павлодар облысындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының кіші канаты құрылғанына 15 жыл (2001)

Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер мұражайының жанында Иса Байзақов атындағы облыстық әдеби бірлестіктің құрылғанына 5 жыл (2011)

Қылдыкөл үңгірінде Исабек Ишан Хазіреттің кесенесі салынғанына 5 жыл (2011)

«ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА 2016 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР» КҮНТІЗБЕСІНЕ БЕРІЛГЕН ҚЫСҚАША АНЫҚТАМАЛАР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

4 қаңтар

**Славян мәдени орталығы
құрылғанына 20 жыл (1996)**

Славян мәдени орталығы қоғамдық бірлестігі 1996 ж. 4 қаңтарда тіркелген. Орталық төрайымы – Т. И. Кузина, ресейлік отандастардың Халықаралық Басқарма Кеңесінің мүшесі, Халықаралық әйелдер кеңесінің жетекшісі, ресейлік отандастардың Бүкіләлемдік кеңесінің мүшесі, облыстағы орыс мәдениеті бойынша Ассамблеяның кеңесшісі.

Орталық жұмысының мақсаты – этникалық болмыс, мәдениет, ҚР-дағы славян тілдерін сақтау, славян халықтарын рухани дамыту, демократияны дамыту және нығайту мәдени, әлеуметтік және экономикалық құқықтар мен бостандықтарды іске асыру және қорғау, көркем шығармашылықты дамыту, мәдени-ағарту және спорттық-сауықтыру жұмыстарын жүргізу, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау отансүйгіштік және гуманистік тәрбие беру қайырымдылық жұмыс, ҚР халықтары арасында бейбітшілік пен достықты нығайту.

Орталықта 20-дан астам шығармашылық ұжым жұмыс істейді. Ауыз әдебиетін сүюшілерге «Славянки» және «Лада» ансамбльдері жұмыс істейді. Үлкен жастағы адамдарға «Рябинушка» ансамблі, «Соседушки» халықтық фольклорлы ансамблі бар. Барлық ұжымдар – қалалық саябақта өтетін дәстүрлі Ресей Күнінің белсенді қатысушылары мен ұйымдастырушылары.

Орталықта «За чашечкой чая» пікір алмасу клубы мен «Я вас люблю» әйелдер клубы жұмыс істейді. Клубтарда Ертістің Павлодар өңіріндегі қызықты адамдар мен Ресейден келген қонақтармен кездесулер өтеді.

Орталықта жастар Кеңесі айтарлықтай жұмыс атқарады. Жастарға арналған көптеген клубтар мен бірлестіктер бар: «Зодиак» киноклубы,

«Павлодарский городок» миниатюралар театры, «Раздолье» би ансамблі, «Северная башня» тарихи сайыс клубы және т.б.

Орталықтың міндеті – орыс мәдениетін, салттары мен халықтық кәсіпті сақтау және насихаттау. Күнделікті өмірде және дәстүрлі мерекелерді өткізген кезде (Масленица, Троица, Славян жазбасы мен мәдениетінің күні) Славян орталығы облыстың айтарлықтай бөлігін біріктірген.

РФ Сыртқы істер министрлігі және Қазақстандағы Ресей елшілігімен тығыз жұмыс жасай отырып, орталық басқармасы әрдайым заңнамалық өзгерістерден хабардар болып тұрады, РФ-ның демалыс лагерьлеріне балаларды, соғыс ардагерлерін ресейлік шипажайларға, орыс тілінде оқытатын ұстаздарды Омбы қаласындағы жетілдіру курстарына жіберуге мүмкіндігі бар. Орталық Қазақстан орыс мектептерінің Ассоциациясына кіреді. 2003 жылы Ресей үкіметі әртүрлі пәндер бойынша көптеген әдістемелік әдебиеттерді сыйға тартты, ол мектептерге үлестірілді. Елшілікпен бірлесе отырып, Орталық дәстүрлі түрде журналистерге орыс халқының мәдениетін ең үздік насихаттауға байланысты байқау өткізеді.

2002 ж. Славян орталығында Мәскеу үкіметімен тығыз қарым-қатынас орнады, 2003 ж. ол халықаралық ресейлік отандастар кеңесінің құрамына кірді.

2005 ж. Славян орталығы ЮНЕСКО-ның мұражайтану Қорымен бірегей мәдени нысан болып танылды. 2008 ж. РФ-ның Сыртқы істер министрлігі жыл қорытындысы бойынша Павлодар облысының Славян мәдени орталығын ТМД арасындағы туыстас қоғамдық мекемелер арасынан үздік деп таныды.

Орталық басқармасы таяу және қиыр шетелдегі отандастармен байланысты нығайтты, олармен хат, ақпарат және жоспарлармен алмасып тұрады. Әр кездері жұмысты қолдауға РФ халық әртісі, кинорежиссер В. Хотиненко, халық жыршысы Е. Сапогова, РФ халық әртістері Е. Мионов, Н. Емелин, В. Конкин, С. Газаров, РФ еңбек сіңірген әртісі А. Булдаков және т.б. келді.

Орталық беделді түрде орыс мәдениетін, насихаттап, Қазақстан халқының нығаюына айтарлықтай үлесін қосуда.

Әдебиеттер:

Есімханова А. Кемелденген бірлестік: (Славян мәдениеті орталығына – 15 жыл) // Сарыарқа самалы. – 2011. – 30 сәуір. – 4, 5 б.

Махамбет Қ. Менің Отаным Қазақстан (Славян мәдениеті орталығының мүшесі Александр Пархоменконың «Менің Отаным – Қазақстан» атты жаңа көрмесі ашылды) // Айқын. – 2015. – 13 мамыр. – 2 б.

Өлкетанушы, Қазақстанның Құрметті қоғам және мәдениет қайраткері. Ол Псков облысының Себеж қаласында туған. 1958 жылы әскерден кейін Павлодарға келіп, 1958-1967 жылдары қалалық радиотарабында жұмыс істеген. 1967 жылы Томск университетінің тарих-филология факультетін сырттай бітіріп, тарих мамандығы бойынша жұмыс істеген. 1967 жылдан облыстық Г.Н. Потанин атындағы тарихи-өлкетану мұражайының қызметкері болып істеген. Алғашқы кезде аға қызметкер, кейін мұражай директоры қызметін атқарды. 1968 жылдан бас қор сақтау қызметкері, 1990-1994 жж. директордың ғылыми жұмыс бойынша орынбасары, ал 1994 жылдан бері мұражай қорының бас қызметкері болды. Қазір зейнеткерлікте.

Э.Д. Соколкин 30 жылдан астам Павлодар өңірінің тарихын зерттеумен шұғылдануда. Зерттеу жұмысының арқасында осы өңірде болған тарихи оқиғалар, жергілікті атақты адамдар туралы көп материалдар жинақтаған. Ол өлкетану құжаттарын жинап сақтады, сонымен қатар жергілікті мерзімді басылымдар беттерінде және Омбы, Семей, Тула, Алматы мен Мәскеуде «Нива», «Советский музей», «Земля и люди» жинақтарында мақалалары жарық көрген. Өлкетану мақалалары үшін облыстық журналистер одағының сыйлығымен марапатталды.

Байланыс, білім салаларында және оқушылар сарайының мұражайларын ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Сонымен қатар Вс. Иванов, Д. Багаев, С. Торайғыров және т.б. мемориалды тақталарын орнатуда көп жұмыс жасады. «Павлодар» (1982), «Знакомьтесь, Павлодар», «Қаламыздың көшелері = Улицы нашего города» атты анықтамалықтардың құрастырушысы.

Қазіргі кезде облыстағы және қаладағы белгілі тұлғаларға арналған еңбектер жазуда.

Әдебиеттер:

Соколкин Э.Д. Біздің Павлодар. – Алматы: Қазақстан, 1982. – 93 б.

Соколкин Э.Д. Қаламыздың көшелері = Улицы нашего города. – Павлодар, 2007. – 416 б. + CD-R

Соколкин Э.Д. В Памяти поколений: (памятники истории, монументального искусства, архитектуры, памятные места и мемориальные доски Павлодара). – Павлодар, 2014. – 263 с.

Исакаева М.Ж. Өлкетануға еңбек сіңіргендер: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада жерлес өлкетанушыларға арналған көрсеткіш тұсаукесері болды] // Шаһар. – 2009. – 24 қыркүйек. – 6 б.

Әдебиетші, музыкатанушы, композитор, ПМУ профессоры, ПМПИ оқытушысы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері ол Бессарабия жерінде дүниеге келді. 1941 жылы отбасымен Қазақстанға жер аударған. Қазақ Мемлекеттік университетін тамамдаған. Осы жерде оқып жүргенде Е. Брусиловскиймен тығыз байланыста болған. Ол оған музыкамен айналысуға кеңес берген. Бірақ Н. Г. Шафер әдебиетті таңдап алды. Шығыс Қазақстан облысында, Целиноградта (қазіргі Астана), Павлодар қалаларының мектептерінде сабақ беріп, Павлодар педагогикалық институтында қызмет істеген. 1965 жылы Бруно Ясенский шығармашылығы негізінде кандидаттық диссертация қорғаған. «Русская гражданская поэзия за 100 лет» тақырыбындағы докторлық жұмысын дайындау кезінде «Кеңес мемлекетінің құрылысы туралы жалған мәліметтерді таратқаны үшін» бір жарым жылға сотталды. Тек, 1989 жылы ғана ақталған.

Көп жылдар бойы Дунаевскийдің өмірі және шығармашылығымен шұғылданып келеді. 1988 жылы Мәскеуде «Дунаевский сегодня» атты кітабы жарық көрді. Ол И. Дунаевскийдің екі томдық хаттарын алғаш рет жарыққа шығарды. Көп жылғы қыруар жұмысының нәтижесі – «Исаак Дунаевский в гостях у Михаила Булгакова» атты күйтабағының шығуы. Зерттеу жұмыстарында М. Булгаковтың шығармашылығын насихаттау елеулі орын алады. Жазушының «Петр Великий» және «Рашель» драмалық шығармаларын алғаш рет жариялады.

Н. Шафер халықаралық Булгаков оқуларымен басқа да ғылыми конференциялардың міндетті қатысушысы болып келеді. Авторлық әндерді жинақтаушы және зерттеуші. «Кирпичики» (Қалалық орыс әндерінің 100 жылдық /1850-1950/ антологиясы) күйтабағын шығарды. Қазір Павлодар пединститутында қабырғасында орыс әдебиетінен сабақ береді. Жиырма мыңға жуық күйтабақтан тұратын бүкіләлемдік мәні бар туынды фонотекасын жинастырған.

Әдебиеттер:

Шафер Наум Григорьевич // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 730 б.

2001 жылдың 30 қаңтар айында ашылды. Бұл 1900 жылы салынған белгілі көпес Абдул-Фаттах Рамазановтың үйі.

Қазір архитектуралық ескерткіш ретінде айтылады. Кереку өңірі өзінің сұлу табиғатымен, дарындарымен әйгілі Қазақстанның ең бір көрнекті жерінен орын алып тұр. Сол дарындарының бірі Ертістің ерке сұлу әншісі Майра Уәлиқызы Шамсутдинова 1890 жылы дүниеге келген. Атақты әнші сазгер өзінің сахналық өмірін ерте бастайды. Тоғыз жасынан сырнайда тартып үйренсе, он үш жасынан әншілік өнерге ден қойған. Майраның дарынды даралығы әншілігі, сазгерлігі, орындау қабілеттілігі кәсіби дәрежесіне жеткен. Табиғи сирек кездесетін қоңыр дауысты, диапазон жағынан “контральто” болған. Қазақтың жеріне еңбегі сіңген белгілі этнограф А.В. Затаевич “1000 және 500” өлеңдер жинағының авторы Майраның 14 өлеңін жазып алған. 1931 жылы ән жинағы жарыққа шығады.

Музей екі көрме залынан тұрады, бірінші залдағы экспозиция Майраның өмірі мен шығармашылығын толық таныстырады. Музейдегі құнды мұражаттардың бірі Мемориалдық тақта жазуымен көрермендерді көп қызықтырады.

Көпес Қыстаубаевтың үйінің бұрышында ілулі тұрған, Ленин көшесі, 167 Майра тұрған үй.

Фотосуреттерімен, құжаттарынан басқа Майраның өзі қолданған заттарына келушілер ерекше көңіл аударады. Майра киген қызыл-жібек камзол – шапан көрсетілген. Ертеде қазақ тұрмысында, келіндерге арнап тігілген. Үлкен келіннен кіші келінге мұра ретінде қалдыру дәстүрі бойынша Майраныкі болып қала берген.

Майраның өнер шығармашылығын жалғастырушы Қазына Субек қызының, 1916 жылы шыққан гармоны көрсетілген.

Қазақ халқының өнер жолында, ең көп қолданылатын аспап домбыра. Көне аспабы домбыраның пайда болуы туралы аңызда бар. Сол аспаптың шанағынан көптеген тарихи күйлер еститін болды. Қиын қыстау, жұт кезінде пайда болған аспап Жетіген. Оның шығу тарихы туралы аңыз да бар. Жетіген – жеті ішекті шертіп ойнайтын көне сазды аспап. Қазіргі уақытта “жетігеннің жетеуі” деген атпен белгілі.

Келесі экспозицияда, мұражайда өтетін әр-түрлі мәдени шаралар мен кездесу өнер кештерінің көрінісі көрсетілген. Майраның еліне келген атақты, әйгілі қонақтар Қазақстанның халық әртісі Ермек Серкебаев,

белгілі фольклор-этнограф Юрий Аравин және эстрада әншісі жерлесіміз Меруерт Түсіпбаева сияқты тағы да басқа өнерпаздармен кездесудегі суреттері ілулі “күнбе-күн” атты мұражай тынысы көрсетілген.

Әдебиеттер:

М. Шамсутдинова атындағы ән шығармашылығының мұражай-үйі // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 475 б.

30 қаңтар

Д. П. Багаев атындағы мұражай-үйі ашылғанына 15 жыл (2001)

Г. Н. Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайының бөлімшесі ретінде 2001 ж. ашылған. Бұл – фотографқа арналған Қазақстандағы бірден-бір мұражай. Мұражай ғимараты 19 ғасырдың соңындағы мешандық тұрмыстың тарихи-архитектуралық ескерткіші болып табылады. Бұл үйде 1905-1958 жж. көрнекті фотограф – өлкетанушы, Павлодар облысының жылнамашысы, Г. Н. Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайының іргесін қалаған алғашқы директоры Дмитрий Поликарпович Багаев тұрған. Бүкіл Сібірге белгілі фотограф Коркиннен оқыған ол фотографиямен 1905 жылдан шұғылдана бастады. Мұражайға сол кездін түпнұсқа құжаттары қойылған. Д. Багаев ғимарат жанына барлық талаптарға сай келетін фотопавильон салып, фотокамералар қойған. Ол өлкенің тарихын құжатты фотография арқылы көрсете алды. Оның «Қазақ халқының 19-ғасырдың басындағы өмірі мен тұрмысы» фототоптамасы мұражай-үйдің тұрақты көрмесі болып табылады. Багаев үйінде Павлодардағы және Қазақстанның басқа қалаларындағы, Ресейдің, Германияның, Бразилияның осы заманғы фотографтарының көрмелері өтіп тұрады. Мұражай Д. П. Багаев жұмыстары бойынша буклеттер, каталогтар шығарады, «Фотография длиною в жизнь» фильмі түсірілген. Мұражайға павлодарлықтар ғана емес, Қазақстанның басқа қалаларынан, таяу және алыс шет елдерден қонақтар, туристер (АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Корея, Франция, Польша) келіп тұрады.

Әдебиеттер:

Багаев мұражай-үйі // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 210 – 211 б.

Шафер мұражай үйі – бұрынғы КСРО аумағындағы жалғыз күйтабақтар мұражайы. Ол Павлодар қаласындағы жинақтаушы, ПМПИ профессоры, музыкатанушы, әдебиеттанушы, публицист, композитор Наум Григорьевич Шафердің жеке топтамасының негізінде құрылған. Мұражай топтамасы 25 мыңнан астам күйтабақтардан тұрады, соның ішінде 12 мыңы – патефондық. Күйтабақтар топтамасы бірегей. Онда күлдіргі өлеңнен операға дейін барлық музыкалық жанрлар ұсынылған. Бұл жерден Лемешев, Виноградов, Александрович, Шаляпин, Обухов, Козловскийдің барлық туындыларын таба аласыз. Топтамада өте үлкен әдеби жазбалар сақтаулы. Саяси қызметкерлердің, көсемдердің сөйлеген сөздерінің дыбыстық нұсқаларының жинақтары: Ленин, Сталин, Калинин, Луначарский, Коллонтай, Хрущев, Брежнев бар. Күйдің алғашқы жазба күйтабағы, сондай-ақ Күләш Байсейітова, Жамал Омарова, Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, ағайынды Абдуллиндер, Әлібек Дінішев сияқты қазақстандық орындаушылардың бірегей фонограммалары сақтаулы.

Мұражай қызметкерлері күйтабақтардың сандық көшірмелерін жасаумен айналысады. Заманауи техникалық құралдар мен мұражайдың бірегей материалының негізінде Мұражайдың шығармашылық жобалары іске асады. Бұл жеке авторлар мен солистердің компакт-дискілерін шығару. Алғашы дискіні шығару 2006 жылы КСРО халық әртісі Күләш Байсейітованың шығармашылығына арналды. Кейін Жамал Омарова, Бибігүл Төлегенова, алғашқы қазақстандық бард Виктор Мильтоға арналған дискілер шығарылған. Орыс акындарының сөздеріне жазылған әндердің дискісі және М.Ю. Лермонтовтың 200 жылдығына арналған диск шықты, олардың әуенін павлодарлық композитор Н. Гитин (Н. Г. Шафер) жазған. Сондай-ақ «Под солнцем Казахстана», «Любимая ладонь» атты В. Семерьянов пен О. Григорьеваның шығармашылығына байланысты күйтабақтар шығарылған.

Мұражай әдеби-әуен кештерін, грамжазба концерттерді, шығармашылық кездесулерді, кітаптар мен музыкалық дискілердің тұсаукесерлерін, экскурсиялар, дәрістер, көрмелерді, фильм көрсетілімдерін өткізіп тұрады. Мұражаймен танысу мақсатында Алматы, Астана және басқа да Қазақстан мен Ресей қалаларының меймандары келді.

Мұражай қызметкерлері мұражайдан тыс жерлерде де белсенді жұмыс істейді. Мектептер, балабақшалармен байланыс орнатып, балалардың

қатысуымен бала-ақындардың мәнерлеп оқу сайыстары өтеді. Облыстан тыс жерлерге барады. Астана қаласында болған кезде жұмыстарына мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев жоғары баға берді. «Песни страны» (Р. Рождественскийдің сөздеріне жазылған) және «Душу свою донесу людям» (В. Шукшин шығармаларының үзінділеріне жазылған) құрастырылған және шығарылған осынау әйгілі адамдардың компакт-дискілері Алтай өлкесіндегі қандастарымызға Мұрайжай-үймен сыйға тартылды, осылайша еуразиялық бірлестіктегі мәдени шекара кеңейтіле түсті.

2016 жыл Н.Г. Шафердің өзіне де мерейлі, 13 қаңтар күні 85-жылдық мерейтойын аталып өтпек. Н. Г. Шафердің ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметі бұқара қолдауын тапты. 2000 ж. Павлодар қаласындағы зиялы қауым слетінде «Жылдың шығармашыл тұлғасы» мерейіне ие болды. Оған «ҚР өнерінің еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілген. 2006 жылдан – ҚР Журналистер Одағының мүшесі 2012 ж. мемлекет пен қоғамға сіңірген еңбегі үшін, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достықты нығайтқаны үшін ҚР Құрмет грамотасымен марапатталған. Еуразиялық еврейлер конгресінің грамотасымен және орденімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Шафер мұражай үйі // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 730 б.

Жаңа фильм: (Шафердің музей-үйінде «Собачий рай» фильмінің көрсетілімі) // Сарыарқа самалы. – 2015. – 15 қаңтар. – 12 б.

Хашымқызы Қарлығаш Мәңгілік саз: (композитор Исаак Дунаевскийдің туғанына 115 жыл) // Сарыарқа самалы. – 2015. – 15 қаңтар. – 12 б.

25 ақпан

Кәукен Кенжетаевтың
туғанына 100 жыл (1916-2008)

Әнші, Қазақстанның халық әртісі. Қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. 1936-40 жылдары Мәскеу консерваториясы жанындағы қазақ студиясында оқыды. 1950 жылы Алматы консерваториясының вокалдық факультетін тамамдаған.

1942-1946 жылдары Хабаровск шекарашылар ән-би ансамблінде қызмет етті. 1946 жылдан Алматы Опера және балет театрының әнші-солисі. 1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты. Ол Тарғын, Жалбыр, Бекежан, Семен (Е. Г. Брусиловскийдің «Ер Тарғын», «Жалбыр», «Қыз Жібек» және «Дударай» қойылымдарында), Мұқан

Төлебаевтың «Біржан-Сара» спектаклінде – Жанбота, А. П. Бородиннің «Князь Игорь» спектаклінде Князь Игорь, М.И. Глинканың «Руслан и Людмила» қойылымдағы Руслан бейнесін, А.Г. Рубинштейннің «Демон» спектаклінде Демон, С. В. Рахманиновтың «Алекосында» Алеко рөлін т.б. партияларды орындап әншілік және актерлік талантының әр қырын танытты. Ол режиссер ретінде Е. Брусиловскийдің «Ер Тарғын», «Жалбыр», «Қыз Жібек», «Амангелді», С. Мұхамеджановтың «Айсұлу», Еркеғали Рахмадиевтің «Алпамыс», П. Чайковскийдің «Қарғаның мәткесі» т.б. операларды қойды.

Кәукен Кенжетаев концерттік-орындаушылық өнерімен де танымал. Репертуарында қазақтың халық әндерімен қатар өзбек халқының әндері, сондай-ақ шетелдің классик композиторларының шығармалары (әндері, романстары мен ариялары) бар.

1957 жылдан бері кинофильмдерге («Жерге қайта оралу», «Біздің сүйікті дәрігер», «Ән қанатында», «Тұлпардың ізімен», «Қыз Жібек», «Таудағы шынар», «Қызыл тас заставасы», «Гауһартар) түскен. Гастрольдік сапармен ТМД елдерінің көптеген қалаларында және шетелде (Польша, Моңғолия, Румыния, Түркия, Греция, Сирия, Ливан, Мысыр т.б.) болған. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

1959 жылы ҚазКСР Халық әртісі атанды. 1953 жылдан ҚазКСР Еңбек сіңірген әртісі.

Әдебиеттер:

Кенжетаев К. Асылдар мен Ардақтылар: Естеліктер. – Алматы: Өнер, 2002. – 298 б.

Кенжетаев К. Дархан дарын: Шәкен Айманов жайлы. – Алматы: Өнер, 1980. – 152 б. : суреттер. – (Өнердегі өнегелі өмірлер)

Кенжетаев К. Кинорежиссер Мәжит Бегалин: Естелік. – Алматы: Өнер, 1994. – 112 б.

«Менмендік жақсылыққа бастамайды» [Қазақстанның Халық әртісі К. Кенжетаевпен сұхбат] // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 2 маусым. – 6 – 7 б.

Ғайни Кенжетаева: «Әкеміз армансыз өмір сүрді»/Әнг. Қ. Байдәулетова // Айқын. – 2009. – 4 желтоқсан. – 5 б.

Исакаева М. Талан тарланы // Сарыарқа самалы. – 2006. – 25 ақпан. – 5 б.

Кәрменов Ж. Бойда қайрат, ойрат көз // Әнінің қазақ жетпес бұрмасына / Құраст. Т. Тұрсынханова. – Астана, 2002. – 29-33 б.

Кәукен Кенжетаев // Егемен Қазақстан. – 2008. – 18 наурыз. – 6 б.

Мусин С. Есімі елге әйгілі: (Кәукен Кенжетаев 90 жаста) // Баянаула баурайы. – 2006. – 24 ақпан. – 1 б.

Төлеутайұлы Е. Жүсіпбек Елебеков не үшін жылады / Жазып алған Ж. Нармаханова // Ақ желкен. – 2013. – №9. – 10 – 14 б.

8 наурыз

Рафиқа Бекенқызы Нұртазинаның
туғанына 95 жыл (1921 -2013)

Ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты (1974), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі (1966). Қазақ КСР Оқу-ағарту ісінің үздігі, Социалистік Еңбек Ері (1968), Қыздар мемлекеттік педагогикалық институтын (1951, қазіргі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетін) бітірген. 1951-71 жылдары Алматы қаласындағы №12 қазақ орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, 1971-1985 жылдар аралығында осы мектептің директоры болды. 1972 жылы республикалық педагогикалық қоғамының төрайымы болып сайланды. Р Нұртазина – 40-тан астам ғылыми әдістемелік еңбектің (орыс тілінде) авторы, ол қазақ мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиетін оқыту бағдарламасын әзірлеуге қатысты. «Құрмет белгісі» (1966), Ленин (1968) ордендерімен бірнеше медальдармен марапатталған.

Рафиқа Бекенқызы Нұртазина 2013 жылы дүниеден озды.

Әдебиеттер:

Нұртазина Р. Б. Мирастың кітабы=Книга Мираса: мектеп жасына арналған / Р. Б. Нұртазина; Л. Асқар. – Алматы: Балауса, 1998. – 240 б.

Нұртазина Рафиқа Бекенқызы // Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. 10 т. – Алматы, 2005. – 7 т. – 94 б.

Нұртазина Рафиқа Бекенқызы // Қазақстан ғалымдары: Энциклопедиялық анықтамалық. 2 т. – Алматы, 2013. – 227 б.

Нұртазина Рафиқа Бекенқызы // Қазақстан Ұлттық энциклопедия. – 10 томдық. – Алматы, 2005. – 7 т. – 94 б.

Нұртазина Рафиқа Бекенқызы // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 523 б.

Ысқақова Д. Рафиқа – алтыншы ауылдың алтын қызы // Біз алтыншы ауылданбыз: туған жер алтын бесік. – Павлодар, 2014. – 46-52 б.

Нұртазина Р. Тілашар: 3-4 жастағы балаларға арналған қазақ тілін жедел үйрету курсы / Р. Нұртазина, Р. Сакенова, Л. Асқар, А. Сейсенова. – Астана: Арман, 2007. – 104 б.

Асқар Л. Ұлағат: (Педагогика ғылымдарының кандидаты 300 ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы Рафика Бекенқызы Нұртазинаны еске алу) // Ана тілі. – 2014. – 27 ақпан-5 наурыз. – 3 б.

Дүйсенбайқызы А. Ұлтжанды ұстаз: (Елін сүйген, елі сүйген) // Ана тілі. – 2011. – 17 – 30 наурыз. – 7 б.

Есали А. Түзу ағаштың көлеңкесі қисық болмайды // Егемен Қазақстан. – 2006. – 17 наурыз. – 8 б.

Рафика Бекенқызы Нұртазина: (Некролог) // Егемен Қазақстан. – 2013. – 3 сәуір. – 7 б.

Ысқакова Д. Мақтанышы қазақтың // Сарыарқа самалы. – 2014. – 29 наурыз. – 5 б.

11 наурыз

Анатолий Николаевич Михейчевтің
туғанына 85 жыл (1931-2007)

ҚазКСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан театр қызметкерлері Кеңесінің мүшесі, актер. Томск қаласында дүниеге келген. 1948 ж. Томск театр студиясын тамамдаған соң Томск театрының актері қызметінде болды. Днепропетровск, Рязань, Астрахань театрларының актері болған. 1965-1970 жж. Жамбыл атындағы Өскемен драма театрының директоры қызметін атқарған. 1970-1983 жж. директор, ал кейін 1983 жылдан. – 1991 ж. зейнекерлікке шыққанға дейін А.П. Чехов атындағы облыстық драма театрының актері. Сахналарда 100-ден астам роль сомдаған: И. Назаровтың «Панфиловцы» қойылымында – майор Рузанов (1975 ж.), В. Шульдин мен Ю. Фридманның «Синдбад-мореход» қойылымындағы Джафар (1979 ж.), М. Шатровтың «Именем революции» (1980 ж.), С.Смирновтың «Люди, которых я видел» қойылымындағы Шевченко (1985ж.), В. Поповтың «Пропуск Стаса Захарова» қойылымындағы Глебов (1984 ж.), О. Уайльдтің «Веер леди Уиндимер» туындысындағы Паркер (1991 ж.) және т.б.

А. Н. Михейчев өзін соңынан адам ерте алатын білгір жетекші ретінде көрсете білді. Оны жоғары кәсібилік, асқан еңбекқорлық, кәсіби табандылық және шыдамдылық ерекшелендірді.

Сіңірген еңбегі мен театр өнерінің дамуы 1980 жылғы ҚазКСР-інің Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен А.Н. Михейчевке «ҚазКСР-інің Еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы берілді.

Әдебиеттер:

Михейчев Анатолий Николаевич // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 404 б.

Михейчев Анатолий Николаевич: Некролог // Сарыарқа самалы. – 2007. – 9 қаңтар. – 7 б.

26 наурыз

Алексей Миронович Дьячковтың туғанына 90 жыл (1926-2001)

Кескіндемеші. Павлодар облысының Ермак ауылында (қазіргі Ақсу қаласы) туған. 1938 жылдан Павлодар қаласында тұрған. Бала кезінен суретшіні туған өлкесінің табиғаты толғандырып, шабыттандырған. Мектеп жасынан Ертіске этюдтерге барған. Жетінші сыныптан соң ол А. П. Чехов атындағы облыстық драма театрында суретші болып істей бастаған. Әскери қызметінен кейін театрға оралды. Ол В.А. Критинин мен В. Э. Штейгер сияқты суретшілермен жұмыс істеді, мұнда ол бутафория мен қойылымдарға декорациялар туғызған. 1956 ж. Павлодарда жаңа ашылған ҚазИзо көркем шеберханасына түсті (1959 жылдан көркем-өндірістік шеберханалар), онда көп жылдар бойы еңбек етті. Осынада Павлодар қаласының келбетін әсемдеу жұмыстары жүргізілді. П. Г. Величко, М. П. Колмогоров, В. В. Терещенко, С. Я. Якубович сияқты суретшілермен әрдайым араласып, сондай-ақ барлық қалалық көрмелерге қатысты. Туған Ертіс өңірі – сол жылдардағы көрмелердің басты тақырыбы. Пейзаж жанрында жұмыс істеген. Жұмыстарының көрмелері көрермендердің айнымас назарына ие болды.

1965 ж Павлодар қаласында көркемсурет мұражайы ашылғанда, Дьячков осындағы бүкіл есептік көрмелерге қатысқан. Сол жылдардағы шығармашылық пейзаждар: «Роща», «Лесное зеркало», «Березовая роща».

1976 ж алғаш рет республикалық «Пейзаж и натюрморт» көрмесіне «Над целинным простором», «Голубая весна», «Притихло» пейзаждарымен қатысты.

Келесі жылы республикалық көрмеге оның ең үздік жұмыстарының бірі «Канал Иртыш – Караганда» картинасы қатысты.

1979 ж. республикалық көрмеде оның «Разлив на Иртыше», «Идет весна» және «Осинник» жұмыстары ұсынылды.

А. Дьячков 17 облыстық және 4 республикалық көрмеге қатысқан (1961-80 гг.).

Оның белгілі жұмыстары: «Березовые ситцы» (1972 ж.), «Ручей у реки Акпет» (1975 ж.), «Домик лесника» (1976 ж.), «Дом Павла Васильева» (1978 ж.), «Осень в Баянауле» (1979 ж.), «Сжатое поле» (1979 ж.) және т.б.

Әдебиеттерді орыс тіліндегі анықтамадан қараңыз

21 сәуір

«Қаздар қонысы» республикалық маңызы бар табиғат ескерткішінің жарияланғанына 45 жыл (1971)

Бұл ескерткіш Ертіс өзенінің оң жақ жағалауында, Павлодар қаласының солтүстік шетінде, темір жол көпірінен оңтүстікке қарай 500 метр қашықтықта орналасқан. Ол 1928 жылы Мәскеу палеонтологы Ю.А. Орловтың бастауымен ашылды. 1929-1930 жылдары бұл жерде палеонтологиялық қазбалар жүргізілді, соның барысында плиоцен-миоцен жастағы ежелгі сүт қоректілерінің бірнеше мыңдаған сүйек қалдықтары (заманауи африка фаунасының арғы нысаны) табылды. Палеонтологиялық институттың археологтары осы жердің кішігірім бөлігін зерттеген кезде одан кем дегенде 20 марал, 40 керік, 130 мүйізтұмсық, 200 гиппарион және тағы басқаларын тапты. Неоген кезеңінің (25-2 млн жыл) осындай бай жануарлар әлемі бар «Қаздар қонысы» палеонтологиялық орнының ашылуы Ертістің Павлодар өңіріне бұрынғы Кеңес Одағы елдерінен палеозоологтардың келуіне жол ашты. Барлық табылған палеоматериалды ғалымдар өздерімен бірге әкетіп отырды, себебі, біріншіден, сол уақытта Павлодарда өлкетану мұражайы болмады, екіншіден, палеонтологиялық қалдықтардың зерттелуін және сақталуын қамтамасыз ете алатын ғылыми ұйым да болған емес. Сол уақыттағы көптеген палеонтологиялық заттар КСРО ҒА ЗИН жинақтамасы қорына жіберілді. А.Ю. Орлов бастаған жұмыстар 1960 жылы ҚазКСРО ҒА Зоология институтындағы палеобиология бөлімінің экспедициясымен жалғасып, ортаңғы және астыңғы жиектерді елек арқылы жуып-шаю жолымен омыртқа жоталарының жинақтамасы табылды. Оның арасында қояндар, шақылдақтар, қосаяқтар, қос мекенділер мен шағын құстардың қалдықтары анықталды. «Қаздар қонысы» табиғи ескерткіші неоген жануарлары көмілген жерлердің ең ірі, әлемге аты әйгілі ескерткіші эталоны. Осы ескерткіш арқылы ертеде өмір сүрген жануарларды зерттеген, жануарлардың қалдықтарымен салыстыру жұмыстары жүргізілуде.

Сүйекті қыртыстың жалпы аумағы 800 м. астам, ескерткіштің жалпы аумағы 2 гектар.

Қаздар қонысының қазба түрлерінің ішінен 70-тен астам жануарлар түрлері белгілі. Онда кішкентай үш бармақты жылқы – гиппарионның көптеген қалдықтары табылған, көптеген көне мүйізсіз мүйізтұмсықтар – хилотерилердің де қалдықтары табылды. Керіктер, түйетабандар мен тасбақалардың және басқа да қазіргі Африканы мекендейтін хайуанаттардың сүйектері де табылған. Жыртқыш аңдар арасынан мұнда гиеналар, қылыштісті мысықтар және иктегериялар анықталған.

Осы көмбе Еуразияда ең ірі деп саналады. Ғалымдардың алға қойған өзекті мәселесі бірегей табиғи ескерткішті сақтау болып саналады. Көне хайуанаттардың сүйектері жартасты Ертістің маңында төгіліп жатыр, сондықтан осы қирап жатқан ескерткішті сақтап қалу тек Павлодарға ғана емес, әлемдік ғылым үшін де өте маңызды.

Әдебиеттер:

Қаздар қонысы // Атамекен: Географиялық энциклопедия / Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы, 2011. – 311 б.

Қаздар қонысы // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 404 б.

Қаздар қонысы // Қазақстан табиғаты: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы, 2009. – 321 б.

Қаздар қонысы // Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. 10 т. – Алматы, 2003. – 5 т. – 457 б.

Молдайып С. Елеусіз қалған байлық // Шаһар. – 2009. – 27 тамыз. – 6 б.

Сәуір

II. Васильев атындағы

Павлодар әдеби қоғамдастығы
құрылғанына 60 жыл (1956)

1955 ж. 26 қазанда «Павлодарская правда» газетінің отырысында Павлодар қаласына әдеби бірлестікті жаңғырту шешімі қабылданды. Павлодарда әдеби бірлестікті құру туралы хаттама жасалды. 1956 ж. көктеміне қарай сол кездегі жас журналист С. А. Музалевскийдің бастамасымен және облыстық газет редакторы В. С. Молотовтың қолдауымен алғашқы ұйымдастырылған жиналыс өткізуге және Павлодарда әдеби бірлестік құру шешімі қабылданды. Әдеби бірлестікке ақын П. Васильев есімі берілді. Оның алғашқы төрағасы С. А. Музалевский болды. Отырысқа сол кездегі жас ақындармен мен танымал ақындар да қатысты, олар: Д. Приймак, И. Сарафанов, Н. Зверева, Э. Ваганов, К. Тюрин, П. Симатов. Кейін оларға И. Минаков, В. Рапопорт, С. Дюсембинов, З. Иванова, Ж. Нуркенов, В. Горбенко, В. Семерьянов, М. Диннерштейн қосылды. Облыстық

газет беттерінде жергілікті авторлардың туындылары жарияланған әдебиеттер жиі пайда бола бастады. Әдеби бірлестікке қатысушылар саны уақыт өткен сайын арта түсті. Оқырмандар жаңа есімдердің: В. Модестов, Л. Гришина, И. Матвеева, З. Александрова, В. Гришина, В. Выжutowич, В. Каш, Ю. Плотников, М. Ярова, О. Афанасьев, П. Гусев, Б. Поздняков, А. Шипицын және басқалардың шығармашылығымен танысты. Ақындар композиторлар В. Ширинкин, А. Меттус, А. Шиллер, В. Ботов, М. Пульгамен бірлесе әндер жазып, өз күшімен ұйымдастырылған көркемөнер ұжымдарына сценарийлер жазды.

Ақындар кітапханаларда, оқу орындарында, шаруа клубтарында, мәдениет үйлерінде, егістікте, құрылыс алаңдарында, колхоздар мен совхоздарда өнер көрсетті. Өртүрлі аудиториялар алдында, қалаларда, облыс ауылдарында, сондай-ақ газет, радио, телевизияда сөз сөйледі. П. Васильев атындағы әдеби бірлестіктің басты қызметі – көркем сөзді насихаттау, халықты поэзияға тарту, ұлы жерлестердің шығармашылығымен таныстыру болды.

Жылдар сайын жергілікті ақындар және жазушылар саны арта түсті, олардың шеберліктері ұлғайды. Бірінен соң бірі олар «үлкен әдебиетке» кете бастады, солардың арасында В. Панов, Г. Кочетков, Ю. Плотников, В. Выжutowич бар.

Әдеби бірлестіктің «жаңа тарихында» жазушылар бауырластығына Ю. Мостовой (бірлестік төрағасы болды), С. Горбунов, В. Бутов (Ю. Мостовойдан кейін бірлестікті басқарды), Ж. Садықов, Л. Гаврикова, В. Куприн, «жаңасында» – Л. Латышева, С. Денисова, Е. Гребнев, Г. Колесник, О. Григорьева, Т. Окольничья (В. Бутовтан кейін төрайым болды), А. Каркавин, Е. Сарайкин, Ж. Ягодина және т.б. бірікті.

Әдеби авангардқа П. Васильев атындағы әдеби бірлестікке 90-шы жылдары келген Сергей және Маргарита Сюрсиндер, Я. Двуреков, Е. Дымов, В. Вагин, И. Сулима, Е. Қожахметов, В. Кремер, Ю. Зиновьев, И. Колотушкин, М. Безуглов және т.б. жатқызуға болады.

Әдебиеттерді орыс тіліндегі анықтамадан қараңыз

21 мамыр

**С. Торайғыров атындағы
облыстық кітапхана
негізі қаланғанына 120 жыл (1896)**

Павлодар облыстық кітапханасының тарихы ХІХ ғасырдың соңынан басталады. Ол кезде Павлодар уездік орталығы болып, Семей губерниясының құрамында болған. Қаладағы алғашқы мәдени мекеме

қоғамдық кітапхана болды, ол 1892 жылы ашылды Кітапхана 1-гильдиялық көпес А.И. Деровтың және басқа да меценаттардың қаражаттарына салынды. Қорды толықтыру мен жабдықтау қаржысы қайырымдылық кештерінен жиналды.

1896 жылдан бастап кітапхана уездік деп аталды және осы күн облыс кітапханасының жасын анықтауға, әрі мерейтойларын мерекелеуге негіз болды.

Уездік кітапхана қоры 5475 дана кітап пен журналдан құралды.

Уездік кітапханадан басқа Павлодарда Жұмысшылар клубының жанындағы, Су-жол қызметкерлері және Теміржолшылар клубтарының жанындағы кітапханалар жұмыс істеген. 1925 ж. аталған кітапханалар уездік кітапхана бас болып кітапханалық бірлестікті құрады.

1938 ж. Павлодар облысының құрылуына байланысты уездік кітапхана облыстық кітапхана мәртебесін иеленді. Ұлы Отан соғысы жылдарында кітапханада тұңғыш рет газет қиындыларының бумалары, журнал мақалаларының картотекасы жасалды, олар кітапханашыларға жұртты майдан мен тылдағы маңызды оқиғалармен таныстыруда көмек болды.

Жұмыс мазмұнының түбегейлі өзгеруі соғыстан кейінгі жылдары 1947 жылы директор И. Д. Буриловты тағайындаудан кейін орын алды. 1948 ж. кітапханаға көпес Тумашевтің бұрынғы үйі берілді, ол XX ғасырдың I онжылдығында құрылған. Осы ескі сәулет ескерткіші болып саналатын бірқабатты үйде кітапхана 50 жылдай орналасты (қазір осы ғимаратта облыстық кітапхананың балалар бөлімі орналасқан).

1951 ж. облыстық әмбебап ғылыми кітапхана (ОӘҒК) В.И. Ленин атындағы мемлекеттік кітапханасының абоненті болды және 11 кітап алды. Мұнда алғаш рет аудандық және қалалық кітапханаларға әдістемелік көмек көрсетудің арнайы жоспары құрылды. Кітапхана жанында кітапханалық оқу курстары ұйымдастырылды, олар Ермак (қазіргі Аксу) оқу-ағарту училищесі ашылғанша Павлодар аумағындағы жалғыз ауылдық жерлердегі кітапханашы кадрларды жасақтау орны болды.

1957 жылдан 1985 жылға дейін облыстық кітапхананы басқарғандар: И. И. Айзенберг, С. Ф. Кирисова, Л. З. Шаманина, Л. С. Лямзина, Л. М. Грезина.

1959 ж. кітапхана кеңес жазушысы Н.А. Островскийдің есімін иеленген.

70-жылдары халық мәдениетінің университеті ашылды, ол жұрттың құрметіне ие болды. 1976 жылы халық мәдениеті университетін ұйымдастырғаны үшін кітапхана КСРО Мәдениет Министрлігінің дипломымен марапатталды.

70-жылдар соңында жергілікті әскери бөлімнің бастамашысы болды. Қарулы Күштер мен кітапхана арасындағы мәдени байланыстар бүгінгі күнге дейін үзілген жоқ. 1981 жылы облыстық кітапхананың бастамасы қаланың әскери бөлімдерін отансүйгіштікке тәрбиелегені үшін мәдениет қызметкерлері кәсіподағы ұйымының ОК Құрмет грамотасымен белгіленген, әскери бөлімдер кітапхананы бірнеше рет мадақтамалар және дипломдармен марапаттаған.

1985 жылдан облыстық кітапхана директоры М. Ә. Жиенбаева болды, ол 1998 ж. «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағына ие болды. Оның жетекшілігімен кітапхана ірі ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу орталығына айналды.

1988 ж. ҚазКСР-інің Мәдениет министрлігінің бұйрығына сәйкес бұрынғы жасөспірімдер және балалар кітапханалары облыстық әмбебап кітапхана құрамына кірді.

1996 ж. 100 жылдық мерейтойына орай облыстық кітапханаға Саяси ағарту үйінің ғимараты берілді. Сол жылы кітапханаға атақты қазақ ақыны С. Торайғыровтың есімі берілген.

Қазіргі кезде Павлодар облыстық біріккен әмбебап ғылыми кітапхана бұл – бірыңғай барлық жас ерекшелігі санатындағы оқырмандарға қызмет көрсету, заманауи компьютерлік құралдармен жасақталған аймақтағы ең ірі ақпараттық-білім беру орталығы. Кітапхана қоры – 700 мың қағаздағы және электронды ақпарат тасымалдаушы. Жыл сайын кітапхана 20 мыңнан астам оқырманға қызмет көрсетеді.

Кітапхана Республикады бірінші болып грант алу үшін өтініш беріп, жоба жасауда жұмыс жүргізді. Бұл жұмыс өте нәтижелі болды. 1997-1999 жылдар аралығында кітапхана «Сорос Қазақстан» және «Ашық қоғам» Институты қорының : «Ғаламтор. Электронды пошта», «Аймақтағы үлгілілік кітапхана», «Жанашыр» атты гранттарының жеңімпазы атанды. Грант кітапхананың компьютерлік паркін оқшау торапқа біріктіруге, пайдаланушылардың Ғаламторға енуін жүзеге асыруға, электронды каталогқа және web сайтқа жұмсалды. «Пушкин кітапханасы» мегажобасына қатысып, Ресей баспасынан шыққан ең жақсы әдебиеттермен, сондай-ақ электронды баспалармен қорды толықтырды.

Кітапхана қызметінің басым бағдарлары оның бағдарламаларымен анықталады: «Кітапхана және өлкетану», «Экология и жизнь», «Жанашыр», «Открытая библиотека», «Библиотека – центр культуры и досуга», «Шаңырақ».

Кітапхана – Павлодардың мәдени өмірінің ортасы. Қалалықтардың назарын өткен жылдар қоры мен жаңа кітаптарды бейнелейтін кітап

көрмелері, түрлі клубтардағы бейресми қарым-қатынас, олардың арасында: «Наш очаг», «Фиалочка», «Мастерица», «Айтолқын», «ЗОЖ», «Краеведение», «Му English», «Жасыл ғаламшар» экологиялық лекторийі, «Вояж» театр студиясы тіл және әдебиет мәселелеріне арналған пікірталастармен баяндамаларды қамтыған «Тіл өнері» халық университеті, көркемсурет және қолөнер көрмелері өткізілетін «Айна» галереясы, «Визит» әдеби-әуен қонақжайы, құқықтық деректер қорына қол жеткізуге болатын «Әділет» әлеуметтік-құқықтық ақпарат орталығы жұмыс істейді.

1998 ж. кітапхана ҚР Кітапханалық Ассоциациясының мүшесі болды, 2002 ж. – Қазақстан кітапханалары Ақпараттық Консорциумының мүшесі. 2003 ж. байқау қорытындылары бойынша, Павлодарда облыстық кітапхананың базасында «Жаңа ақпараттық қоғамдастық үшін жаңа кітапхана. Үлгілі ауыл кітапханасы» атты республикалық конференция өтті. Форумның басты оқиғасы – Қазақстандағы тұңғыш алдыңғы қатарлы ақпарат технологияларын пайдаланатын үлгілі ауыл кітапханасының (Орловка ауылы) тұсаукесері.

2004 ж. республикада тұңғыш рет С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана жасап шығарған 2004-2006 жылдарға арналған облыстық «Ауыл кітапханасы» бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама мақсаты – ауыл кітапханасының ауыл тұрғындарының ақпаратқа, білімге, мәдени құндылықтарға қол жеткізуін қамтамасыз ету, ақпараттық, мәдени, білім беру орталығы ретінде дамыту. Оның іске асқан жылдары 57 ауылдық кітапхана ашылды. Барлық аудан, қала орталықтарының және үлгілі ауыл кітапханалары компьютерлендірілді. Олардың Ғаламторға шығу мүмкіндігі бар, сайттар, дербес ДБ, электронды басылымдар қорларын ЭҚЖ-ны іске асыру мүмкіндіктеріне ие.

Кітапхана өткізетін облыстық семинарлар заманауи технологияларды игеру мәселелеріне арналады және өзекті мәселелерді қамтиды.

2006 ж. кітапхана оқырмандары «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасының іске асырылуы аясында «Тілтаным» ресурстық орталығында өздігінен мемлекеттік, ағылшын тілдерін үйренуге және орыс тілін жетілдіруге мүмкіндік алды.

2007 ж. облыстық кітапхана аймақтары ірі өнеркәсіптік кәсіпорындармен қатар ҚР Премьер-министрі К. Мәсімовтің келу нысандарының тізіміне енген. Премьер кітапхана жұмысымен танысты. Оған облыстың үлгілі кітапханаларының картасы, «Тілтаным» тілдерді оқыту мен дамыту орталығы көрсетілді.

2007 жылы С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана базасында «Павлодар аймағының ақпараттық кеңістігіндегі кітапхана сайты» атты

облыстық семинар өтті, онда ҚР ҰАК серіктес мекеме ретінде қатысты. Бұл семинар қоғам және кітапханалар арасында үлкен мәртебеге ие болды және кітапханалық тәжірибеге жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және автоматтандыру бойынша көмек беру саласында ҚР ҰАК мен біздің кітапхананың шығармашылық бірлестігінің үлгісі болды.

2007-2010 жж. «Павлодар облысының кітапхана саласын үлгілендіру» облыстық бағдарламасы жүзеге асты, нәтижесінде 59 үлгілілік ауылдық кітапхана құрылып, 286 ДК орнатылған. 2008 жылғы қаңтарда облыстық кітапхана сайтының жаңартылған нұсқасы іске қосылды.

2010-2011 жж. облыс кітапханаларының өмірінде елеулі орын алған бірнеше маңызы зор оқиғалар болды. 2010 ж. «Павлодар облысының кітапханалары: дамудың инновациялық моделі» облыстық семинары ҚР ҰАК қатысуымен өтті, онда кітапханалар қызметінің қорытындысы жасалып, 2011 жылға басты бағыты айқындалды.

2011 ж. Қарағанды облысы кітапханасының бір топ қызметкерлері үлгілілік кітапханалардың алдыңғы қатарлы тәжірибесімен танысу мақсатында Павлодар, Ақтоғай аудандарының, Ақсу ауылдық аймағының, Екібастұздың облыстық кітапхананың жұмысымен танысты.

ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлау аясында Астана қаласындағы ҚР ҰАК «Павлодар облысының кітапханалары: дамудың инновациялық моделі» атты Павлодар облысы кітапханаларының Күні өтті, оған ҚР Мәдениет министрлігі, Республиканың облыстық кітапханаларының жетекші мамандары, сонымен қатар Астананың барлық жүйелері мен ведомстволарының кітапханалары қатысты. Кітапханалық бұқараға облыстық кітапхананың қазақ және орыс тілдеріндегі «Ертістің Павлодар өңірінің әдеби картасы» электронды жобасы таныстырылды. Онда Павлодар өңірі ақын-жазушыларының өмірі мен шығармашылығы туралы толық ақпарат берілген. «Бір ел – бір кітап» акциясының аясында жарық көрген «Жүсіпбек Аймауытов» библиографиялық көрсеткішінің тұсаукесері, «Павлодар облысы кітапханаларының ақпараттық кеңістігі» тренингі өткізілді.

Қазіргі кезде кітапхана дамудың жаңа сатында. «Павлодар облысының ауылдық мәдениет мекемелерінің дамуы 2011-2013 жж.» бағдарламасы жүзеге асты, «2013-2015 жж. Павлодар облысы кітапханаларын жетілдіру» бағдарламасының аясындағы жұмыс жалғасуда.

Кітапхана Ресей және Қазақстан арасындағы бірлескен жоба «Шекарадағы жүздесулер» жобасына қатысушы. Оның сайтында шекараның екі тәрпынан қызығушылыққа ие құжаттардың толық мәтінді нұсқалары ұсынылған. 2013 жылғы қазанда өткен «Ресей-Қазақстан шекараластығы. Тарих. Мәдениет. Білім» халықаралық форумының аясында С. Торайғыров

атындағы облыстық кітапхана мен Новосібір мемлекеттік облыстық ғылыми кітапханасы арасында серіктестік жөніндегі келісімшартқа қол қойылды.

2013 жылдан кітапхананың барлық қоры көз көруінде ақаулықтары бар адамдарға «Жанашыр» орталығының жанындағы тифлокешен арқылы қолжетімді болды. Физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған орталық заманауи құрылғыларға ие: портативті тактильді Брайль дисплейі, оқу машинасы, зағип және көзі нашар көретін азаматтарға арналған рельефті-нүктелі қаріппен басу принтері, минитрекбол (қимыл-қозғалыс аппаратында кемістігі бар азаматтарға арналған құрылғы), есту қабілеті нашар азаматтарға қызмет көрсету үшін байланыс жүйесі. Есту, көру қабілеттері нашар және зағип жандарға арналған компьютерлік тегін курстар өткізіледі.

2014 жылы Қазақстанда тұңғыш рет Қазақстан Республикалық автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйе негізінде радио жиіліктік сәйкестендіру технологиясын іске қосты (автоматтандырылған кітап беру, электронды оқу билеті, кітаптарды түгендеу).

Облыстық кітапхана – облыстың ақпараттық және мәдени орталығы. С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың жеткен жетістіктері, алға жылжуға, жаңа бағыттар мен мақсаттар қоюға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

Облыстық әмбебап ғылыми кітапханалары: Жинақ / Қазақстан Респ. Ұлттық кітапханасы. – Ғылыми әдістемелік бөлім. – Алматы, 1993. – 153 б.

Павлодар облысында 2011 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер. – Павлодар: ЭКО, 2010. – 232 б. – қазақша, орысша.

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана: кітапхана энциклопедиясы = Областная библиотека им. С.Торайгырова: библиотечная энциклопедия. – Павлодар: ЭКО, 2011. – 258 б. – қазақша, орысша.

С. Торайғыров атындағы облыстық біріктірілген әмбебап ғылыми кітапхана // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 527 – 528 б.

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана дәстүрден инновациялық ізденіске = Областная библиотека им. С. Торайгырова традиции и инновации: материалдар жинағы / Құраст: Б.Б. Байжанова. – Павлодар: Сытин баспаханасы, 2012. – 200 б.

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана: Жол көрсеткіш / құраст. Д.А. Шакаримова, Н.Г. Шайкенова; ред. М.А. Жиенбаева. – Павлодар, 2003. – 20 б.

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана= Областная библиотека им. С. Торайгырова=Regional Library named after S. Toraigrov: жолсілтер / Құраст. Д.Ә. Шәкәрімова, Н.Ғ. Шәйкенова, Ә.Ж.Әміренова; ауд.: Ж.К.Қажыбаева, А.А.Классен; Ред. М.А.Жиенбаева. – Павлодар, 2006. – 24 б. – үш тілде.

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың коллекцияларынан. Сирек кітаптар каталогы = Из коллекций областной библиотеки им. С. Торайгырова. Каталог редкой книги. – Павлодар, 2006. – 67 б.

Әділбек А. Рухани әлемнің қазыналы қайнары // Сарыарқа самалы. – 2011. – 27 желтоқсан. – 1 б.

Баймұратұлы Б. Майя Жиенбаева: «Кітап – адам жанын тазартып, санасына сәуле түсіреді»: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың директоры, «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» Майя Жиенбаевамен сұхбат] / Сарыарқа самалы. – 2009. – 5 наурыз. – 4 – 5 б.

Бықай Ф. Кітап көрмесі ауылға аттанды // Егемен Қазақстан. – 2011. – 13 сәуір. – 5 б.

Бықай. Абай оқыған кітаптар // Егемен Қазақстан. – 2014. – 6 мамыр. – 16 б.

Жүнісбек А. Өмірі – өнеге // Сарыарқа самалы. – 2013. – 12 ақпан. – 3 б.

Исакаева М. Көне тарих куәсіндей // Кітап патшалығы. – 2014. – №2. – 38 – 39 б.

Искаева М. Облыстық кітапхана құнды кітаптармен толықты // Регион.kz. – 2013. – 15 ақпан. – 20 б.

Қабылденова Қ. Айтулы күндер тізбесі // Сарыарқа самалы. – 2011. – 8 желтоқсан. – 6 б.

Сахаба Т. Бес анық // Қазақ әдебиеті. – 2015. – 21 – 27 тамыз. – 7 б.

Шахметова Ш. Кітапқұмарлар бас қосты // Сарыарқа самалы. – 2014. – 6 мамыр. – 16 б.

25 мамыр

Майя Әбдірахманқызы Жиенбаеваның туғанына 60 жыл (1956)

Павлодар қаласында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін әл-Фараби атындағы Шымкент педагогика институтының кітапхана факультетіне түскен. 1977 жылы институтты бітіріп, Павлодар облысы Ермак (Ақсу) қаласы аудандық орталық кітапханада жұмыс істеді. 1979 жылы облыстық кітапханада библиограф-әдіскер, кітап қорын толықтыру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1985 жылы облыстық кітапхананың директоры болып тағайындалды. 1988 жылы оның басшылығымен үш облыстық кітапхана (әмбебап, жасөспірім және балалар) бірігіп, облыстық біріккен әмбебап ғылыми кітапхана статусына ие болды.

М.Ә. Жиенбаева екі халықаралық Москва (1995), Стамбул (1997) қалаларында өткен кітапханалық ИФЛА форумына, үш республикалық (Қарағанды (2001), Орал (2002), Өскемен (2004) қалаларында өткен) кітапханалық конференцияларға қатысты. Ульяновск, Ижевск, Вильнюс, Алматы, Бішкек қалаларында өткен кітапхана ісінің даму мәселелеріне арналған семинарларға қатысты. ҚР Кітапханалық Ассоциациясының мүшесі. Облыстың қоғамдық өміріне белсене қатысуда. Облыс әкімі жанындағы демографиялық саясат, отбасы және әйелдер мәселелері кеңесінің мүшесі.

Майя Әбдірахманқызы республикадағы жаңа бастамалардың басында болды. Облыс кітапханаларында еңбек ұйымдастырудың бригадалық түрлері іске асырылды, (НТИ) бөлмелері, сайыс, өлкетану клубтары құрылып, кітапханашы күні, «Дублер жұмалығы» және мамандармен басқа жұмыстар өткізіліп отырды. Сонымен қатар, облыстық кітапханада жүзеге асырылып жатқан көптеген басқа да бағдарламалар мен жобалардың бастамашысы. «Кітапхана және өлкетану», «Экология және өмір», «Кітапхана – жаңа технологиялар», «Кітапхана – мәдениет орталығы», «Шаңырақ», «Жанашыр» және т.б. «Жанашыр» жобасы әлеуметтік қорғалмаған тұрғындарды кітапханалық- ақпараттық қызметпен қамтамасыз ететін бірнеше бағдарламадан тұрады.

М.Жиенбаеваның басшылығымен 1993 жылы республикада алдыңғы қатарлылардың бірі болып кітапханалық жұмысты автоматтандыру, электронды каталог енгізу жұмыстары істелді. 1997-1999 жылдары «Сорос – Қазақстан» және «Ашық қоғам» Институтының гранттарына ие болды. Осының арқасында кітапхана оқырмандарға жоғары деңгейдегі, жаңа ақпараттық технологиялар – электронды пошта және Интернет арқылы қызмет көрсету мүмкіндігі пайда болды. Қазақстанның моделді кітапханасы болды.

Қазіргі уақытта облыстық кітапхана жасаған 2004-2006 жылдарға арналған облыстық «Ауыл кітапханасы» бағдарламасын жүзеге асыруда көп жұмыс жасалуда. Осы бағдарламаға сәйкес жоспарланған ауылды жерлерде 61 кітапхана ашылады. Бағдарламаның негізгі бір бағыты болып ауыл кітапханаларын компьютерлендіру процесі және агроөндірістік комплексті (АПК) ақпараттық қамтамасыздандыру.

КСРО Мәдениет Министрлігінің «За отличную работу» белгісімен, алғыс хаттармен, Мәдениет министрлігінің, облыс басқармасының

грамоталарымен марапатталған. 1998 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қызметкері, 2003 жылы «Үздік кітапханашы» атақтарына ие болды.

Әдебиеттер:

Жиенбаева Майя Әбдірахманқызы // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 346 – 347 б.

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана дәстүрден инновациялық ізденіске = Областная библиотека имени С. Торайғырова традиции и инновации: материалдар жинағы / Құраст. Б.Б. Байжанова. – Павлодар: Сытин баспасы, 2012. – 200 б.

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана: Кітапхана энциклопедиясы / Шығаруға жауапты Ш.Б. Шахметова, бас ред. М.А. Жиенбаева; Павлодар облысының мәдениет басқармасы. С. Торайғыров атындағы облыстық бірлескен әмбебап ғылыми кітапхана. – Павлодар, 2011. – 258 б.

Майя Жиенбаева: «Кітап – адам жанын тазартып, санасына сәуле түсіреді»: [М.Ә Жиенбаевамен сұхбат] / Әңг. Б. Баймұратұлы // Сарыарқа самалы. – 2009. – 5 наурыз. -4 – 5 б.

5 маусым

Дүйсенбек Тыныштықпайұлы Нақыповтың туғанына 70 жыл (1946)

Ақын, жазушы, драматург, либретист, көптеген әдеби сыйақылардың иегері, Қазақстан хореографтары Кеңесінің төрағасы, киносценарист, балет театрының режиссері, бірнеше мәдени және гуманитарлық бағдарламалардың ұйымдастырушысы, «Приз Улановой» Халықаралық балет фестивалінің Президенті. Баянауыл ауданында туған. 1964 ж. Мәскеу академиялық хореографиялық училищесін бітірген. Атақты биші және педагог Александр Руденконың сыныбында оқыған. 1985 ж. Алматыдағы Киров атындағы ҚазМУ-ді бітірген (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ). Алматы опера және балет (1964–1967 жж.), Фрунзе (1967–1968 жж.), Пермь (1968–1969 жж.), Самарқанд (1970–1972 жж.) және қайта Алматыда (1972–1985 жж.) театрларында балет солисі болды, «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор болып істеген. Галина Уланова, Майя Плисецкая, Наталья Бессмертнова және басқа да танымал балет шеберлерімен жеке таныс болды. 2010 ж. Қазақстанда алғашқы балалар «Ер төстік» балалар ертегісі желісімен аттас ұлттық балетін құрды. 1995 ж. Алматыда оның алғашқы өлең кітабы «Вечер века» жарық көрді. Кейін «Песня моллюска» (2000 ж.),

«Близнецы» (2001 ж., кітап автордың Нью-Йоркте 2001 ж. 11 қыркүйекте болған лаңкестігінен 20 күнгі әсерімен жазылған.), «Круг пепла» романы (2006 ж., 2009ж.), «Время Ре» өлеңдер жинақтары шыққан.

Әдебиеттер:

Көп қырлы талант: [Қазақстан хореографтар Одағының төрағасы Дүйсенбек Нақыповтың 65 жылдық мерейтойына арналған шығармашылық кеші өтті] // Сарыарқа самалы. – 2011. – 14 маусым. – 3 б.

Нақыпов Д. Рамазанның жұмбағы: [Қазақстан жазушысы, Кереку өлкесінің тумасы Рамазан Тоқтаров туралы] // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 20 желтоқсан. – 14 б.

3 шілде

Кузьма Александрович Семенченконың
туғанына 120 жыл (1896-1965)

Кеңес Одағының Батыры (Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тұңғыш), 1- Дүниежүзілік, азамат соғысының, Ұлы Отан соғысының қатысушысы, танк әскерінің генерал-майоры. Украинаның Черингов облысы Мартыновка ауылында дүниеге келді. 1909 ж. Семенченко отбасы Павлодар облысы Успен ауданына қоныс аударған. 1915-1920 жж. – 1 дүниежүзілік және азамат соғыстарының қатысушысы. 1940 ж Әскери академия жанындағы механикаланған әскер курсын бітірген.

Ұлы Отан соғысы кезінде 1941 жылдан майданда болды. 19 танк дивизиясының командирі (22-ші механикаланған корпус, 5 – әскер, Оңтүстік-Батыс майдан) танк әскерінің генерал-майоры К. А. Семенченко, Войница және Александрия ауылдары маңындағы Владимир-Волыньск тас жолындағы марш кезінде бірден жаудың төте күштеріне ұрысқа түседі. Дивизия бөліктерінің 1941 ж. 2 шілдеде қоршаудан шығуын қамтамасыз етті. Соғыстың бас кезінде жасаған батырлығы мен ерлігі үшін 1941 ж. 22 шілдедегі КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен бронетанкі әскер генерал-майорына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

1945 ж. Бас штабтың Әскери академиясын бітірген. 1947 ж. запастағы генерал-майор. Тбилиси қаласында тұрған және жұмыс істеген. Екі Ленин орденімен, Қызыл Ту, I дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен, медальдармен марапатталған.

К. Семенченко есімімен Павлодар қаласында көше аталған. Павлодардағы Батырлар аллеясында Батырдың стелласы орнатылған. Успен ауылында мемориалды тақта орнатылған.

Әдебиеттер:

Қазақстандық Кеңес Одағының батырлары: [Семенченко Кузьма Александрович] // Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. 10 томдық – Алматы, 2003. – 5 т. – 340 б.

Қазақстандық Совет Одағының батырлары: [Семенченко Кузьма Александрович] // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 томдық – Алматы, 1984. – 1 т. – 255 б.

Семенченко Кузьма Александрович // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 654 б.

Дәуенов Е. Ерлігі ел есінде: [Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры туғанына – 115 жыл] // Сарыарқа самалы. – 2011. – 26 шілде. – 5 б.

Еленген ерлік: [Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 19 наурыз. – 11 б.

Жанкешті: [Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 19 наурыз. – 10 б.

Жауынгер жолы: [Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 19 наурыз. – 10 б.

Оралу: (Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы) // Сарыарқа самалы. – 2015. – 19 наурыз. – 11 б.

Сандықта сақталған сурет: [Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 19 наурыз. – 11 б.

Сарбаздан келген соңғы хат: (Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы) // Сарыарқа самалы. – 2015. – 19 наурыз. – 11 б.

Соғыстағы жүздесу: [Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 19 наурыз. – 11 б.

5 шілде

**Қ. Б. Даржұман атындағы
Ұлттық жаңғыру мектебі
ашылғанына 20 жыл**

Қ. Б. Даржұман атындағы ұлттық жаңғыру мектебі – қосымша білім беретін оқу орны. Облыстық Достық үйінде орналасқан. Павлодар қаласы әкімдігінің 1996 ж. 5 шілдедегі шешімімен ашылған. Ол ұлттық – мәдени орталықтардың шіркеулік мектептерін біріктірді: армян, еврей,

ингуш, корей, неміс, поляк, татар-башқұрт, украин, чуваш. Мектеп туған тілді үйрену мен жетілдіруге оңтайлы жағдай жасады, рухани тұлғаның қалыптасуына бағытталған ұлттық мәдениеттің және әртүрлі ұлт салттарының жандануына жағдай туғызды. 2012 жылдан мектеп Павлодар облысындағы халық Ассамблеясының орнауы мен дамуына үлес қосқан және мектеп негізін қалаған көрнекті қоғам қайраткері Қ.Б. Даржұманның есімін иеленуде.

Сабақтар оқу-тақырыптық жоспар мен кесте бойынша өткізіледі. Оқытушылар қиыр шетелден де шақыртылады. Осында 500-ден астам бала 14 ұлттық сыныпқа, қазақ және орыс мәдениеттану орталықтарына барады. Оларға облыста тұратын ұлттардың туған тілін, тарихын, мәдениеті, салт-дәстүрлерін игеруге жағдай жасалған. Балалармен 30 мұғалім және шығармашылық студия жетекшілері жұмыс істейді. Оқушылар әр түрлі ұлттық сыныптарда оқиды, бірақ үнемі қарым-қатынаста, бірлесе би және музыкамен айналысады, бірлесе концерттер құрады және қазақ тілін, Қазақстан мәдениетін үйренеді. Осында олар толеранттылық мектебінен өтіп, көпұлтты Отаны – Қазақстан халықтарының дәстүрлеріне сыйластықпен қарауды үйренеді.

Оқу үрдісінде мектеп мұғалімдері дамыту технологияларын пайдаланады, төзімділік мәселесіне бағытталған саналы қатынасқа тәрбиелейтін шығармашылық жобалар шығарады, этностарға сыйластықпен қарауға, әртүрлі ұлттар мен діндердің өкілдерімен қарым-қатынас жасауды үйретеді. Концерт-сабақ, саяхат-сабақ, кітапхана мен мұражайларда бұқара алдында сөз сөйлеу, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәнерлеп оқу сайыстарына қатысу, Сәтбаев оқуларына қатысу, түркі тілдеріне байланысты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, славян жазбалары мен мәдениеті Күндеріне қатысу оқушылардың мәдени мұраны зерттеуде және қызғушылығын арттырудағы көрсеткіші болып табылады.

Ұлттық жаңғыру мектебінің оқушылары терең білімге құлшынады. Балалар ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысады және нағыз ғылыми зерттеулер жасайды. Оқушылар арасындағы қолданысқа ие тақырыптар: «Ұлттық киім тарихы», «Басқа тілдердің дамуына грек тілінің әсері», «Болгарлардың Қазақстанға қоныстану тарихы», «Толеранттылық дегеніміз не?», «Белорус» сөзінің этномәдени нұсқалылығы» және т.б.

Әдебиеттер:

Біз тұратын үй = Дом, в котором мы живем / әдеби ред. А. Әбіш, И.А. Лисовская; техн. ред. А.А. Сытин; Дизайн И. Киселева; арнайы фототүсірілімдердің авторы А. Пархоменко. – Павлодар: Сытин баспасы, 2011. – 352 б.

Аяғанов М. Ұлттық жаңғыру мектебіне – 10 жыл // Сарыарқа самалы. – 2006. – 7 желтоқсан. – 6 б.

15 шілде

Қошмұхамбет Кемеңгеровтің
туғанына 120 жыл (1896-1937)

Жазушы, драматург, филолог, тарихшы, журналист, қоғам қайраткері. 1937 ж. қуғын-сүргінге ұшырады және ату жазасына кесілді. 1910 ж. Павлодар облысының қазіргі Баянауыл ауданына қарасты жерде дүниеге келген, оның әкесі Дүйсебай қажы Омбы облысына отбасымен қоныс аударған. Болашақ жазушының әкесі сауатты адам болған, балалары жақсы білім алғанына құлшынған. Қ.Кемеңгеров Омбы шіркеу мектебінде дәріс алған, кейін ветеринарлық-фельдшерлік мектептің екі сыныбын тамадаған. 1913 ж. ол Омбы ауылшаруашылығы училищесіне оқуға түседі. Училищені бітірген соң Омбы политехникалық институтына оқуға түседі. 1920 жылы ол ауылшаруашылығы институтының зооветеринарлық бөліміне түскен.

1915 ж. 19 жасында Қ.Кемеңгеровтің «Айқап» журналында өлеңдер топтамасы шыққан, солардың ішінде: өз өлеңдері, орыс акындарының аударма өлеңдері бар. Өлеңдердің арасында А.С. Пушкиннің «Пайғамбар» өлеңінің қазақша нұсқасы бар. Тіл мамандары түпнұсқаға деген ұқыптылықты атап көрсеткен және Пушкин өлеңінің өлшеміне жақындықты атап айтқан.

Шығыс-Сібір медициналық институтында төрт курс оқыған соң, ол Ташкентке аттанып, Орта Азия университетінде және жұмысшы факультетінде, әкери училище тыңдаушыларына қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс оқып медицина факультетінің аспиранты атанған. Сол кезде публицистика, пьесалар, газеттерге мақалалар жазады. Ол «Алқа» әдеби үйірмесінің жұмысына араласқан, 1924 жылы Ташкентте «Сана» атты ғылыми-танымдық журналды редакциялаған, «Ақ жол» газетін шығаруға қатысқан.

1926 ж. республикалық қазақ ұлттық театры біздің жерлесімізбен жазылған «Алтын сақина» пьесасымен шымылдығын ашты.

Оның редакторлығымен 1925 ж. Мәскеуде алғашқы орысша-қазақша сөздік жарық көрді. Сол жылы «Бывшие угнетенные народы» кітабы, бір жыл бұрын «Из истории казахов», ал 1928-1929 жж. – қос кітап «Учебное пособие для европейцев» жарық көрді.

Алғашқы тұтқындау 1930 ж. болды. Көрнекті қазақ әдебиеттанушылары, «Алаш» партиясының бұрынғы мүшелері қуғынға ұшырады. Олардың қатарында Қ. Кемеңгеров те бар. 1935 ж. ол босатылып. Омбы

облысына оралды, Щербакуль аудандық денсаулық сақтау бөлімінде нұсқаушы болып жұмыс істей бастады.

1937 ж. 7 тамызда – қайта тұтқындалды. Тергеуде оған қайта өткен іс бойынша сұрақтар қойылды, контрреволюциялық әрекетке қатысы барын мойындауды талап етті. 82 істі болған адамның ішінен 64 адам ату жаза-сына кесілді, солардың арасында Кемеңгеровте болды.

Бұқар жырау атындағы Павлодар әдебиет және өнер мұражайында Сібір әскери округінің Әскери трибуналының анықтама көшірмелері сақтаулы. Новосибирск қаласы, 17 тамыз 1957 ж.: «... Қылмыстық мазмұнының жоқтығынан іс тоқтатылды. Қ. Кемеңгеров қайтыс болғаннан соң ақталды...».

Оның есімімен Баянауылда мектеп және Астана қаласында көше аталған.

Әдебиеттер:

1937-2007 тауқымет пен тағзым / құрас.Б. Төлепберген; Алматы әкімдігі Ішкі саясат департаменті. – Алматы: РИИЦ Азия, 2007. – 296 б.

Ұлтжанды азамат [Қ. Кемеңгеров] // Алдаберген Қ.М. Бір туар дара тұлғалар / Қ. М. Алдаберген, Е. М. Арын, Б. Т. Баткеева. – Павлодар, 2003. – 194-198 б. + CD-ROM

Кемеңгеров Қошмұхамбет // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 376 б.

Кемеңгеров Қошмұхамбет // Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 202 б.

Кемеңгеров Қошмұхамбет // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы, 2002. – 490 б.

Қошмұхаммед Кемеңгеров. 13 кітап / С. Торайғыров атындағы ПМУ; Е. Бекмаханов атындағы «Өлке тарихы мен этнографиясын зерттеу орталығы». – Павлодар: ЭКО, 2003. – 242 б.

Серікбаева Н. Ұлт мүддесін биік ұстаған: (Қошке Кемеңгеровтың туғанына – 115 жыл) // Сарыарқа самалы. – 2011. – 14 шілде. – 5 б.

15 шілде

Бекболат Манапұлы Хазыровтың
туғанына 90 жыл (1926)

Ресей Федерациясы, Түмен облысы, Сеитов ауылында туған. Кеңес, партия қызметкері, публицист, өлкетанушы, екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Алматы шекарашылар училищесін және Орджоникидзе қаласындағы командалық училищесі (1948) бітірген. 1944 жылы майданға жіберіліп, Жапониямен болған соғысқа қатысқан. 1949 жылға дейін әскери

қызметте болған (Балтық маңында). 1949 жылы Павлодарға келіп, 1954-1986 жылдары қалалық комсомол комитетінде қызметтерлік атқарған. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін публицистикамен айналысты. В.И. Щербинкомен бірігіп 3 томдық облыстық «Естеліктер кітабын» (1994 – 1997) шығарды. Оның басшылығымен 1965-1985 жылдары Павлодар облысының әкімшілік-аймақтық бөлінісі туралы 5 анықтамалық жарық көрді. Отан соғысы ордендері және медальдармен марапатталған. Облыс әкімі сыйлығының (1996) және Қазақстан журналистері сыйлығының (1991) лауреаты.

Әдебиеттер:

Хазыров Бекболат Манапұлы // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 714 б.

Өмірғазы П. Жауынгер жазған кітап // Отарқа. – 2007. – 2 ақпан. – 3 б.

3 қыркүйек

Ғалиябану Махметқызы Кертаеваның
туғанына 70 жыл (1946)

Педагогика ғылымдарының докторы (2005), профессор(2005), Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі (1983), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2005), ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі (2009), Халықаралық акмеология(1995) және Халықаралық педагогикалық білім беру (2007) ғылымдары академияларының корреспондент мүшесі. Павлодар ауданы Ефремовка ауылында туған. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтын (1968, қазіргі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университеті) бітірген. 1968-1987 жылдары Павлодар қаласындағы мектептерде мұғалім, 1987-1995 жылдары Павлодар педагогикалық училищесінде оқытушы, бөлім меңгерушісі, 1995-1997 жылдары Павлодар мемлекеттік университетінде аға оқытушы, 1997-2005 жылдары доцент қызметтерін атқарды. 2003 жылдан кафедра меңгерушісі. 120-дан астам ғылыми жарияланымның, ішінде 2 монография, 3 оқу оқу құралы, 5 оқу-әдістемелік құралы, 1 электронды оқу құралы мен 3 бағдарламаның авторы. Ғ.М. Кертаева Б. Алтынсарин атындағы 2 сыйлықтың (2005), «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері (2007).

С. Торайғыров атындағы алтын медальмен марапатталған.

Әдебиеттер:

Кертаева Ғ. Болашақ мұғалімнің деонтологиялық даярлығын халық педагогикасы құралдары арқылы қалыптастыру: педагогика және психология мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы / Ғ. Кертаева;

У.А. Ажіғалиева; ҚР Білім және ғылым министрлігі; Павлодар мемлекеттік университеті – Павлодар, 2010. – 130 б.

Кертаева Ғ. Ұстаз қызметіндегі педагогикалық деонтология: ғылыми басылым / Ғ. Кертаева. – Алматы: Ғылым, 2002. – 223 б.

Кертаева Ғ.М. «Рахат» мектебі: жаңа ғасырға – жаңа мектеп / Ғ.М. Кертаева. – Павлодар, 2005. – 298 б.

Кертаева Ғ.М. Мемлекеттің тілдер туралы саясатын білім беру жүйесі арқылы іске асыру / Ғ.М. Кертаева. – өңделіп, толықт., екінші басылымы. – Павлодар, 2001. – 75 б.

Кертаева Ғ.М. Педагогикалық деонтология негіздері: ғылыми басылым / Ғ.М. Кертаева; ҚР Білім және ғылым министрлігі; С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті. – Павлодар: Кереку, 2011. – 224 б.

Кертаева Г. Мектеп оқушысын адамгершілікке адамгершілікке тәрбиелеуді ұлттық негізде құраудағы ұстаздың деонтологиялық даярлығының рөлі / Г. Кертаева, Е. Жұманқұлова // ПМУ хабаршысы. Педагогикалық серия. – 2005. – №3. – 69 – 77 б.

Кертаева Ғалиябану Махметқызы // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 382 б.

13 қыркүйек

Павел Ильич Оноприенконың
туғанына 80 жыл (1936-2010)

Қазақстанның Құрметті журналисі, өлкетанушы, Екібастұз қаласының Құрметті азаматы, Украинада туып-өскен. Оның еңбек биографиясы Қазақстанмен байланысты. Ол Акку, Железин, Павлодар аудандық газеттерінде, «Целиноградская правда», 20 жылдай «Звезда Прииртышья» газетінде жұмыс істеді. Екібастұз қаласының қарқынды дамуы кезінде, мұнда КСРО-дағы ең ірі кешен бүкіл мемлекетке атақты Екібастұз жылу-энергетика кешені құрылғанда меншікті тілші болып жұмыс істеген. Сол жылдардағы Екібастұздың шарықтап өрлеуінде П. И. Оноприенконың да сіңірген еңбегі орасан, өз материалдары арқылы көп мәселелерді көтеруге және шешуге ат салысты. Оның материалдары өзекті және көкейкесті болды. Ол қалалық «Заветы Ильича» газетінің негізін қалаушылардың бірі (қазіргі) «Голос Экибастуза»), онда 10 жыл редактор қызметінде болып, екібастұздықтарға беделді, сыйлы және оқырмандарына сүйікті газетке

айналдырған. Ол қайсар өлкетанушы, археологиялық экспедициялардың қатысушысы, Екібастұз аймағының археология, тарих, этнография салалары бойынша ондаған очерктер мен мақалалардың авторы. 2010 ж. оған Екібастұз қаласының Құрметті азаматы атағына ие болды.

Әдебиеттерді орыс тіліндегі анықтамадан қараңыз

21 қыркүйек

Мәшһүр Жүсіп

мешітінің
ашылғанына 15 жыл (2001)

Павлодар қаласында орналасқан. Дөңгелек пирамида тәрізді ғимарат. Қазақстанда мұндай пішіндегі жалғыз архитектуралық құрылыс. Мәшһүр Жүсіп мешітін сәулетші Т. Әбділдин білік орындаған. Ішкі құрылымы: Аллаға құлшылық жасау үйі, ағарту, игілікті істердің орны, т.б. Мешіт киіз үй шаңырағына ұқсас құрастырылған негізгі күмбезімен ерекшеленеді. Аумағы 6,2 гектар, периметрінің аумағы 48*48 м. Минарет биіктігі 63 м. Архитектуралық әсемдігі ғимараттың зүбәржат түсінің тартымдылығы, классикалық стильдегі қасбеттік бөлімдегі алтын түстес мәнзарамен үйлескен. Мешіттің ішкі интерьерін өте сирек кездесетін 7 ярусты хрусталь шам «Зумрад» безендіреді. 130 мың хрусталь элементтері мен 434 шамнан құралған. Оның ең үлкен диаметрі 6 м, биіктігі 16,5 м. , жалпы салмағы 3,5 т. Ғимараттың жалпы ауданы 7420 шаршы метр. Намаз оқу үшін екі зал (үлкен және кіші): ерлер залына 1500 адам, әйелдер залына 300 адамға дейін сыяды. Бірінші қабатта мұсылман мәдениетінің мұражайы, кітапхана, неке қию залы, 400 орындық асхана, дәрет алу бөлмесі, сынып бөлмесі орналасқан. Сонымен қатар мешіт жанында Қазақстандағы діни бірден бір оқу орны медресе бар. Сүндет жасау медициналық пункті ашылған. Мешіт құрылысы облыс азаматтарының қайырымдылық, мекемелер, кәсіпорындардың демеушілік көмегі есебінде жүргізілген. Құрылысы бойынша қайырымдылық кеңесі құрылған. 2000 жылы құрылыс алаңына ҚР Президенті Н. Назарбаев келіп, мешіт мұнарасының алғашқы кірпішін қалады. Орталық мешітке ақын, жазушы, философ, фольклортанушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің есімі берілді.

Мәшһүр Жүсіп мешітінің салтанатты түрде ашылғанына орай «Ертістің Павлодар өңіріндегі 1919-1999 жж. ислам тарихынан» атты құжаттар жинағы жарық көрді. Жинақ қазақ және орыс тілдерінде Мәшһүр Жүсіп мешітінің құрылысы жөніндегі қайырымдылық кеңесі мен облыстық

мұрағат басқармасының қолдауымен шығарылған. Жинақ шығарылымы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылығына арналды.

Әдебиеттер:

Ертістің Павлодар өңіріндегі исламның тарихынан 1919-1999 жж.: құжаттар жинағы. – Павлодар, 2001. – 490 б.

Мәшһүр Жүсіп мешіті // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 489 б.

Амантайұлы А. Мәшһүр Жүсіп мешітіне – 10 жыл // Сарыарқа самалы. – 2011. – 22 қазан. – 2 б.

Белесті жылдар бедері // Сарыарқа самалы. – 2011. – 15 желтоқсан. – 8 б.

Жұматов Ғ. Мешіттің он жылдығы // Шаһар. – 2011. – 28 қазан 3 б.

Исенов Н. Ел руханиятының еншісі: (Мәшһүр Жүсіп мешітіне 10 жыл) // Шаһар. – 2011. – 18 қараша. – 6 б.

Мерекеміз шуақты болсын [Мәшһүр Жүсіп орталық мешітінің бас имамы Исенов Нариман Ермекұлымен сұхбат] / әңг. Ғ. Жұматов // Шаһар. – 2011. – 4 қараша. – 6 б.

Сахаба Тілеуберді Мәшһүр Жүсіп мешіті әлемді таңдандырды: (Павлодар қаласындағы орталық Мәшһүр Жүсіп мешіті – әлемдегі ең әдемі 10 мешіттің қатарына енген) // Сарыарқа самалы. – 2014. – 5 маусым. – 20 б.

27 қыркүйек

Серік Шәкібаевтің
туғанына 90 жыл (1926-1999)

Павлодар қаласында туған. Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін Шілікті совхозына жұмысқа келді, комсомол комитетінің хатшысы болып сайланады. Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарынан бастап, отыз екі жыл бойы мемлекеттік қауіпсіздік органдарында қызмет істеген. Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының тіл, әдебиет факультетінде сырттай оқыған. 1960-1975 жылдар аралығында Қостанай қалалық партия комитетінің мүшесі, халық депутаттары қалалық кеңесінің депутаты болып сайланды. 1983 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағының Қостанай облысындағы әдеби кеңесшісі болды.

Көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

Әдебиеттер:

Шәкібаев С. Үлкен Түркістанның күйреуі: документальді повесть / С. Шәкібаев. – Алматы: Жазушы, 1968. – 263 б.

Шәкібаев Серік // Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: 2005. – 551 б.

Шәкібаев Серік // Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құраст. С.Қамшыгер; Қ. Жұмашева. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 429 б.

30 қыркүйек

Павлодар облысының таңбасы бекітілгеніне 5 жыл (2011)



Павлодар облысының таңбасында ҚР мемлекеттік рәміздерінің белгілері берілген. Таңбаның түсі мемлекеттік рәміздер түсіне негізделген – көгілдір түстің алтын түспен үйлесуі тәуелсіз мемлекет халықтарының бірлігі мен гүлденуінің белгісі. Өткен салт-дәстүрлерімізді ұстану белгісі ретінде логотипте қазақ ұлттық ою-өрнегі бейнеленген. Орта бөлігінде ҚР Елтаңбасының негізгі идеясынан алынған – киіз үйдің шаңырағы бар. Шаңырақ – отбасы құт-берекесінің, бейбітшілік пен тыныштықтың нышаны, киіз үйдің түндігі көгілдір ашық аспан астындағы жарқыраған күнді елестетеді. Ал таңбаның ортасынан бастап көгілдір кеңістік бойымен таралған уықтар – өмір мен жылудың көзі есептелетін күн сәулесі іспеттес. 2011 жылдың 3 қазанында облыстық мәслихат депутаттары сессиясында облыс тарихында бірінші логотип бекітілді. Облыс таңбасының конкурс қорытындысын аймақтық мәдениет басқармасы жариялады. Конкурста комиссия Қасымхан Жапановтың еңбегін жоғары бағалады.

Әдебиеттер:

Павлодар облысының таңбасы // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 594 б.

Айтпайұлы Д. Жаңа жетістіктер нышаны // Сарыарқа самалы. – 2011. – 1 қазан. – 2 б.

Сахаба Т. Таңдау қайсысына түсер екен? // Сарыарқа самалы. – 2015. – 13 тамыз. – 20 б.

Хирург-онколог, медицина ғылымдарының докторы (1966), профессор (1967), Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері (1964), ҚР Денсаулық ісінің үздігі. Павлодар облысы, Май ауданы, Қызылқұрама кеңшарында туған. Қазақ медицина институтын бітірген (1940). 1951-1972 жылдар аралығында сол институтта факультеттің хирургия кафедрасының ассистенті, доценті, оқу ісі жөніндегі проректоры, 1972-1982 жылдары Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, директоры, 1982-1986 жылдары бөлім меңгерушісі, аға ғылыми қызметкері, Қазақ Кеңес энциклопедиясының медицина редакциясы редколлегиясының төрағасы болды. Негізгі ғылыми еңбектері онкология және радиология мәселелеріне арналған. Ол өңеш және өкпе қатерлі ісіктері мен сүйекте жаңадан пайда болған қатерсіз ісікті емдеу жолдарын жетілдірді. Сәуле ауруы жағдайында қан ауыстыру арқылы емдеу жолын ұсынды. 200-дей ғылыми еңбектері, оның ішінде 4 монографиясы жарық көрді. Бүкілодақтық онкологтар қоғамы президиумының мүшесі, Қазақстанның Республикалық онкологтар қоғамының басшысы, «Онкология мәселелері» журналының редколлегия мүшесі болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің мақтау қағаздарымен, 5 медальмен марапатталған.

Әдебиеттер:

Сүлейменов А. Медициналық анықтама / А. Сүлейменов, М. Исамбаев – толықтырылып, түзетіліп, екінші басылуы. – Алматы: Қазақстан, 1968. – 295 б.

Сүлейменов Арғын Арынұлы // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 669 – 670 б.

Ақсу қаласы (1993 жылғы 4 мамырға дейін Ермак) Павлодар облысында Павлодар қаласынан оңтүстікке қарай 40 км. жерде, Ертіс өзенінің сол жағалауында орналасқан. Қала аумағы мен оның ауылдық аймағы солтүстігінде Ақтоғай ауданымен, оңтүстігінде Баянауыл, Май, Ақсу, батысында Павлодар, шығысында Екібастұз ауылдық аймағымен шектескен.

Қала тарихы үздіксіз Екібастұз көлінің маңындағы тас көмір кенінің ашылуымен байланысты XIX ғ. соңында Қазақстан Ресей империясының бөлігі ретінде капиталистік экономиканың дамуына орасан тартылған болатын. Сол кезде Қ. Пішенбаевтің көмір кенін ашуы, кейін павлодарлық миссионер-көпес А. И. Деровтың шақыртуымен келген ғалымдардың, инженерлер мен геологтардың барлауы XIX ғ. 90-жылдардың соңында шахталық әдіспен көмір алудың алғашқы қадамдары жасала бастады. Ертіс пен Обь өзендерінде пароход жүруінің дамуы, 1886 ж. Челябинден Омбыға дейін темір жолдың ашылуы бір шешімге келтірді – Екібастұз көмірін Ертіске қарай әкелу керек болды. А. И. Деров «Воскресенское» атты Екібастұз көмірін алатын акционерлік қоғам құру туралы шешім шығарды.

Алда маңызды мақсат тұрды – Ертістің бол жағалауында кеме тоқтайтын орын анықтау. Ол Қызыл Шырпы үңгірінде Ақсу болысының бесінші және алтыншы ауылдары арасында таңдалды. 1899 ж. сәуірде Ертістен Екібастұзға дейінгі аралықта темір жол құрылысы басталды. Жол да қоғамдастық сияқты Воскресенск деп аталды.

1899 ж. қазанда темір жол құрылысы аяқталып, кеме тоқтайтын орынға жүргізілді, жол мен қоғамдастық сияқты ол да Воскресенск деп аталды. Жолдың ұзындығы 110 км.-ден асты. Воскресенское кеме тоқтайтын орнының жерлерін Сібір қарулы жасағынан 99 жылға жалға алды, ол 7,4 шаршы км. аумағын алып жатты және Ертіс өзенінің бойымен 1,5 км. жерге созылды, кемелер мен баржалардың тоқтауына тиімді болды. Воскресенское кеме тоқтайтын орнында қызметкерлерге тұрғын үйлер, сапаржай, паровоз депосы, дүкен, қоймалар, кір жуатын орны бар монша, шеберханалар, ұстахана, диірмен салынды.

1900-1903 жж. аралығында жол арқылы баржаларға кеме тоқтайтын орын арқылы жылына 1,5 млн. пұт көмір шығарылды және тасымалданды.

1903 ж. қоғам банкроттыққа, кеме орны мен темір жол шығындарға ұшырады. Осы кезде №5 ауылдың кеме тоқтайтын орнының жанында Қызыл Шырпы үңгірінде сазбалшықты үйлерден кеме бекеті мен темір жолда жұмыс істейтін қазақ кедейлері тұрған жаңа мекен пайда болды. Шаруалардың қоныс аударғанынан кейін 1906 ж. кент жұртшылығының саны біртіндеп ұлғая бастады. Кейіннен «Глинка» аталып кеткен мекеннің 1911 жылға қарай халқы 1000-ға жетті. 1912-1913 жж. губернатор Жарлығымен және жергілікті қазақтардың қыспағынан кент пен кеме орнына Ермак атауы берілді. 1914 жылы маусымда Екібастұз көмірін өндіретін жаңа «Қырғыз тау-кен өндірісінің қоғамдастығы» бекітілді және тағы да темір жол ашылды. Кеме тоқтайтын орынның жұмысы жанданды, Ермак кенті үлкен ауылға айналды.

1920 ж. кейін Ермакта ревком, кейін кент Кеңесі құрылды. 1928 ж. Ермакта «Ленин жолы» колхозы салынды. 1928 ж. дейін Ермак Павлодар

уезінің орталық болысы болды. 1920 ж. халық санағы бойынша кентте 1289 адам, ал 1924 жылы 2433 адам тұрды.

Болыстардың және уездердің жойылуына байланысты 1928 ж. Павлодар округі құрылды, Ермак Павлодар (сол кездегі Коряков) ауданына ауыл Кеңесі бар қатардағы ауыл ретінде кірді. Округ жойылғаннан кейін ауыл 1930-1933 жж. Павлодар ауданына кірді.

1938 ж. 14 ақпанда Қазақ ОАК Президиумының Жарлығымен Павлодар және Бесқарағай аудандарын ірілендіру салдарынан Кагановическ ауданы құрылды, орталығы Ермак, 1957 ж. аудан Ермак ауданы болып өзгертілді.

Жаңа қаланың және алғашқы ірі қара металлургия мен энергетика нысандардың құрылысы басталғанына орай ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 23.10.1961 ж. Жарғысы бойынша облысқа бағынышты қалаға айналды. 1992 ж. Ермак ауданы Ақсу ауданы деп өзгертілді. 1993 ж. 4 мамырда ҚР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Ермак Ақсу деп өзгертілді.

1997 ж. жойылған Ақсу ауданының аумағы Ақсу қаласының шекарасына қосылды Қалқаман ауылдық округі мен кенті Ақсу қаласының әкімшілік қарамағына өтті.

Әдебиеттер:

Ақсу // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы; 1998. – 205 б.

Ақсу // Ертістің Павлодар өңірі: Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 142 б.

Ақсу // Жерінің аты елінің хаты: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2006. – 638 б.

Ақсудың ақ жолы. – Павлодар: Амина, 2006. – 256 б.

Шәймерденов Т.Р. Тәлімгер тұлғалар / Баспаға Павлодар облыс білім беру басқармасы мен оқу-ағарту білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының комитеті ұсынған. – Павлодар, 2015. – 403 б.

Әміров Ш. «Ақсуым менің, бақ қалам» // Егемен Қазақстан. – 2015. – 21 сәуір. – 9 б.

2 қараша

Қуандық Пазылұлы Жүсіптің туғанына 75 жыл (1941)

Филология ғылымдарының докторы (1994), профессор (1996), Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Халық ағарту ісінің үздігі (1991),

КСРО (1979) және Қазақстан Жазушылар одағының (1992) мүшесі. Баянауыл ауданының Жаңажол ауылында дүниеге келген. Қазақ педагогикалық институтын (1964, қазіргі Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті), Қазақ КСР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын (1967) бітірген. 1968-1973 жылдары Семей педагогикалық (қазіргі Семей мемлекеттік университеті) институтында аға оқытушы, 1973-1995 жылдары доцент, 1995-2008 жылдары Екібастұз инженерлік-техникалық университетінде, Екібастұз педагогикалық колледжінде, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта ПМУ-да қазақ филологиясы кафедрасының Құрметті кафедра меңгерушісі. 1991 жылдан қазіргі уақытқа дейін республикалық «Абай» журналының ақылдастар кеңесінің мүшесі. 2002 жылдан бастап республикалық «Қазақстан мектебі» журналының ақылдастар кеңесінің мүшесі. Қуандық Жүсіп «Құрмет» орденімен (2012), С.Торайғыров атындағы алтын медалімен (2010), «Қазақстан Республикасының ғылымына еңбек сіңіргені үшін» төс белгісімен марапатталған.

Әдебиеттер:

